КазГНУ имени аль-Фараби не забывает о вкладе Маке в деятельность университета. Неоднократно на факультете журналистики, а также в масштабе университета проводились научно-практические конференции, посвященные творчеству и общественной деятельности дипломата М.И. Исиналиева, была издана книга воспоминаний в серии «Өнегелі өмір». Всегда трепетно проходят встречи с его супругой глубокоуважаемой Майей Ивановной Исиналиевой, которая достойно сохраняет память о Маке среди молодого поколения. В плане университета – издание учебного пособия по текстам лекций нашего Учителя, которые он читал. Это издание станет еще одним вкладом в распространении бесценного опыта, который создал для журналистов-международников профессиональный дипломат, незабвенный Михаил Иванович Исиналиев.

Галия ИБРАЕВА,

советник первого проректора
КазГНУ имени аль-Фараби, профессор.

Июнь, 2018 г.

АҒА МЕН ІНІ БОЛДЫҚ

...1967-жылы Қазақ ауылшаруашылық институтына оқуға түсісімен Алматы облысының Панфилов ауданына жүзім жинауға аттандырылды. Автобуспен. Менің алдымдағы орындықта терезеден далаға қарағыштап отырған бейтаныс жігіт бір кезде: «Балдар, балдар! Ойнақты қараңдар, ойнақты қараңдар!» деп қуана дауыстап, терезені алақанымен сүрткілей бастады. Далада түйелер жайылып жүр екен. Мен күліп жіберіп: «Балдыздың балдай дауысын тыңдаңдар!» дедім. Автобус толы жігіттер ду-ду күлді.

Домбыра күйге келмес, бұрамасаң,

Кім білер кімнің жайын, сұрамаса, –

дегендей, әлгі жігіттен қай облыстан келгенін сұрадым. Ол Ресейдің Саратов облысынан жақында ғана көшіп келген екен. Аты-жөні – Сапашев Мұхит. Екеуіміз сол күннен бастап жанасып, жақындасып, жолдас болып кеттік. Бірінші курс студенттері қатарында біз, әскери міндетін атқарып келген төрт жігіт, өз алдымызға серіктестік бір топ едік, енді Мұхитты қосып алып, шеттен келген бауырымызға қамқорлық жасап жүрдік.

Күндердің бір күнінде Мұхит маған: «Осында тұратын нағашыларым бар, жүр, соларға барып келейік!» деді. Бардық. Таныстық. Үй иелері – Тілеген мен Үмітай Есенәлиевтер. Кәкім деген ұлдарының қолында тұрады екен. Келіндерінің аты-жөні – Майя Ивановна. Кәкім Алматы қалалық партия комитетінде қызмет істейді екен.

Мұхиттың «жүр-жүрлеуімен» нағашыларының үйіне баруды жиілетіп, Кәкімнің қарындасы Розамен танысып, екеуіміз 1969-жылы үйлендік. Сөйтіп, бұл қызықты қараңыз, сонау жылы аутобуста бейтаныс Мұхитқа қарата «Балдыздың балдай дауысы» дегенімді аузыма құдай салған шығар, Мұхитқа жезде болдым.

(Хакеңнің «Әкем» деп атаған естелігінде Ағылшынның

оларға алғаш келгенін, әкесінің онымен шүйіркелесе әңгімелескенін айтқан. Ағылшынды «сыпайы, сабырлы жігіт» деп сипаттаған. – Ғаббас.)

Кәкенді араласып келіп-кетіп жүрген жолдастары «Михаил Иванович» дейді екен, оның себебін кейін білдім.

Кәкең екеуіміз «қайынаға, күйеубала» емес, аға мен іні болдық. Әрқашан ақылдасып, сырласып жүрдік. Ол жан-жақты білімді еді, бәріміз бас қоса қалғанымызда да, жеке отырғанымызда да не жайында болсын сөйлескенімізде бізге таң, қызық мысалдар айтатын. Әлдекім тірлік-тіршіліктің ойында болмаған қиын-қираландығын айтқанда Кәкең: «Әй, шырағым, оны саған ешкім жөндеп те, түзетіп те бермейді, өзіңе жүгін, өз еңбегіңе сүйен, сол дұрыс болады» дейтін. Өзі солай таза өмір сүрді. Бірінен бірі биік өмір белестеріне өз білімімен, жігер-қайратымен, әділдік қасиетімен көтерілгенін, жоғарыда отырғандарға жалбақтауға жаны қас өрмінезді, батыл болғанын, тура жүріп, тура сөйлегенін кейінде дос-жолдастары ілтипатпен айтып жүрді. Адам қызығатын ондай мінезіне мен де талай рет куә болдым. Өзінен жасы кішілерге әрқашан жанашыр, қамқоршы болды. Қазірде сол қасиеттерін есіме алған сайын қазақтың:

Шыңнан ұшқан балапан
Жазыққа ұя салмайды.
Текіден туған ұл бала
Қиянатқа бармайды, –

дегені ойыма оралып, Кәкім ағаны сағына түсемін...

АҒЫЛШЫН МИҒАМАНОВ.

2018-жыл, шілде.

О НАШЕМ МАКЕ

*(Из воспоминаний Майи Ивановны Есеналиевой –
супруги М.И.Есеналиева)*

...В 1973 году Михаил Иванович вместе с Ануаром Алимжановым, Первым секретарем Союза писателей Казахстана, готовились к V конференции писателей стран Азии и Африки. Михаил Иванович присутствовал на встрече в Правлении Союза писателей Казахстана, где выступил председатель Советского комитета по связи с писателями Азии и Африки узбекский писатель Камиль Яшен. Ануар Алимжанов беспокоился о скорейшем издании книг писателей афро-азиатских стран, не только в Казахстане, но и в стране. Участников встречи пригласил на беседу Д.А. Кунаев – первый секретарь ЦК КПК. Михаил Иванович дважды ездил в Москву, участвовал в работе Постоянного бюро афро-азиатских писателей.

Форум литераторов прошел в Алма-Ате с большим подъемом, оказав, тем самым, поддержку в борьбе народов колониальных и зависимых стран за свободу. Ануар Алимжанов внес главный вклад не только участием в конференции, но и своими книгами, всей своей деятельностью.

«...Осенью 1976 года Михаилу Ивановичу предстояла поездка в США на XXXI сессию Генеральной Ассамблеи ООН в качестве Советника делегации СССР. Времени в запасе не было. Собрался быстро. Это была его первая поездка на такой форум. Уже из Москвы запросил дополнительные материалы – фильмы по истории и культуре Казахстана. Нуриля – секретарша Отдела культуры выслала их прямо в Нью-Йорк. Письма шли долго, редко через кого-нибудь из отъезжающих Михаил Иванович передавал письма для нас. В них было столько тепла и заботы о нас, что мы с сыном и родными перечитывали их неоднократно.

После возвращения в Алматы Михаил Иванович выступил перед идеологическим активом города. Народу было много,

все не смогли поместиться в большом зале Дома партпроса (сейчас Концертный зал – «Казахконцерт» на улице Абылай хана, 83). Тогда открыли малый зал на третьем этаже и провели трансляцию. Наверное, Михаил Иванович был прирожденным оратором. Его слушали, затаив дыхание. И не только потому, что было интересно и о работе Генеральной Ассамблеи ООН, и об американской системе образования, о музее «Метрополитен» и др. Выразительность речи, богатая эмоциональность, горячая глубокая вера и желание донести до людей свое слово делали его выступление неординарным.

В июне 1977 года в Алматы проходили заседания «круглого стола» «Литературной газеты» и Союза писателей Казахстана на тему: «Социализм и судьбы национальных культур». Эти дни многим запомнились присутствием известных писателей – Ираклия Абашидзе, Сергея Наровчатова, Чингиза Айтматова и др., их встречами с алматинцами на предприятиях, в вузах, в колхозах области. Михаил Иванович заезжал только переодеться и снова уезжал к писателям.

В эти два дня был настоящий духовный праздник! На площадях, у книжных киосков состоялись многочисленные встречи с любимыми писателями, поэтами. А в заключение прошел грандиозный «Вечер поэзии» во Дворце (ныне Дворец Республики). С трибуны звучали стихи Евгения Евтушенко – он их так импульсивно читал, что казалось, он сейчас вырвется со сцены в зал. Олжас Сулейменов не уступал ему. Поэтессу Гулрухор Сафиеву долго не отпускали, а выступление Шингиса Айтматова не оставило никого равнодушным.

Есть фотографии этого интеллектуального форума. Первая из них – по трапу самолета спускаются Даниил Гранин, Михаил Иванович, Анвар Алимжанов – все молодые, полные надежд... Я могу только добавить, что тема «национальной культуры» глубоко волновала Михаила Ивановича. В его личных записях по этой проблеме много интересных замечаний, размышлений.

Как всегда, он не просто практически участвовал, но имел свое глубокое обоснование. Но ему, к большому сожалению, не хватило времени об всем оставить свои воспоминания...

После работы Михаил Иванович, как правило, подъезжал на ужин домой, и, сразу, снова окунался в окружавший его мир – или на премьеру в театр, или на концерт, на мероприятие... Я старалась быть готовой к этому времени, чтобы поехать с ним. Он любил, когда мы ходили вместе в театр или на концерт, тем более, что другого времени для общения у нас почти не оставалось. Часто он надолго задерживался в театре – было или обсуждение спектакля, или встречи с приехавшими гостями, в связи с чем, его друзья, особенно Косай Егизбаев, подшучивали: «А, Михаил Иванович опять к балеринам пошел!». Такая была работа.

Помню, после премьеры в театре Казахской драмы пьесы – «Восхождение на Фудзияму» (режиссер А. Мамбетов) прямо в кабинете у директора собрались авторы: Шингис Айтматов, Калтай Мухамеджанов, Азербайджан Мамбетов, известная узбекская поэтесса Зульфия, Михаил Иванович и др. Радость переполняла всех, но спорили бурно, невзирая на регалии, шутили, смеялись – был успех и это окрыляло.

Самые добрые воспоминания в моей памяти о тех годах оставили коллеги Михаила Ивановича – это, прежде всего, министры культуры Ильяс Омаров – видный общественный деятель, Михаил Иванович его исключительно уважал, Жексембек Еркимбеков – скромный, умный человек, его заместители Уасиля Сыдыкова – глубокий профессионал своего дела, Узбекали Жанибеков, друг – главный собиратель и хранитель казахского фольклорного искусства. Бижамал Рамазанова и Ляйля Галымжанова – спокойно и мудро проводящие свою линию на повышение роли культуры, Гайникен Бибатырова – беззаветно любящая людей этой тонкой сферы. Именно она смогла объединить вокруг Дома ученых Академии наук деятелей литературы и искусства, ученых и поддержать их в трудные 90-е годы. Незабываемый Исаакий

Иванович Попов – организатор удивительных концертов. Всегда поддерживали и помогали Михаилу Ивановичу Канат Саудабаев, Камал Смаилов, Рамазан Ишмухамедов, Дина Абдрахимова, очень многие в моей памяти, все они высокообразованные, талантливые в своем деле, благородные и красивые люди.

Вторая половина 80-х годов – сложное время в жизни Казахстана и всей страны. «Декабрьские события» 1986 года, отставка Д.А.Кунаева и приход Колбина «к власти». Смутное время, но Михаил Иванович ищет выход, пытается объяснить, сложившуюся обстановку. Об этом его статьи, переговоры в Москве. Я видела, что Михаила Ивановича мучают многие проблемы, видела по бумагам, испещренным вопросами, по его заглушенным телефонным переговорам. Но чтобы со мной делиться, советоваться – ни в коем случае! У нас не было это принято – работа есть работа. Его поверенными в таких случаях были Сагындык Жунусович Кенжебаев, Косай Аликулович Егизбаев – они уходили на «аллею» к Шокану Уалиханову и долго «гуляли». В это время Михаил Иванович стал часто общаться с Салыком Зимановичем Зимановым – академиком, богатырем Мысли, с писателями: Герольдом Бельгером, Габбасом Кабышевым, Сейдахметом Куттыкадамом, Камалом Смаиловым и др. Их всех волновали наступающие события. А поздно вечером к нам заходили Гибат Мурзагалиев и Рамазан Ишмухамедов, тоже со своими сомнениями, и разговор затягивался за полночь.

Однажды вечером, в восемь часов (20.00), раздался телефонный звонок. Звонили из ЦК Компартии Казахстана. Михаила Ивановича вызывал к себе второй секретарь ЦК Мендыбаев. Михаил Иванович удивился, но поехал. Вернулся он уже около 23-х часов. Посмеивается. Я с тревогой спрашиваю: «Что случилось? Зачем вызывали?». Пожимает плечами: «Предлагают место заместителя Председателя Верховного Совета». А я и говорю: «Правильно, вот оно тебе подходит». Он смеется, ничего не объясняет, говорит, ну, там будет видно. Потом только я узнала всю эту историю и хочу сказать, что в это сложное время, Михаил

Иванович, будучи Министром Иностранных дел, поднялся выше этого ранга – он стал ГРАЖДАНИНОМ с большой буквы и Государственным деятелем – ПАТРИОТОМ своей республики. Он выступил в защиту репрессированной молодежи, в защиту национальных интересов Казахстана против унижительной кадровой политики ЦК КПСС.

Это был конец 1988 года...

Начало 90-х годов оказалось неожиданно трудным для нас. То, что Михаила Ивановича отправили в отставку и на пенсию, конечно, оказало влияние на него, но я бы не сказала, что сильно. Он был настоящим борцом. Он не только резко выступил против таких «гонений» со стороны властей, но и защищал себя и других, требуя достойного отношения к людям, честно проработавшим десятки лет и заслужившим уважение среди коллег и окружающих. А главное – его творческая натура находила выход в серьезной работе над статьями, книгами. Он продолжал добиваться справедливости по отношению к репрессированной молодежи по событиям 1986 г. Группа молодых людей, с которыми он объединился – Аргынбаев, Койшибаев, Куанышалин и др. часто бывали у нас. Они горячо обсуждали программу, проект декларации о Независимости, предложенный летом 16 июля 1990 года правительству Казахстана.

Часто думаю, что сблизило нас, таких разных и далеких – мальчишку из казахстанско-саратовских степей и девочку из пролетарского Питера? Как произошло, что мы духовно оказались людьми одной эпохи, одного времени? Ответ явно и в моем вопросе и в записочке Михаила Ивановича, найденной его другом и братом Габбасом Кабышевым в папке на окне с надписью «Сохранить!», где он так нежно пишет обо мне (низкий поклон ему!). Иногда мне хочется написать о параллелях, где мы росли и воспитывались – Миша в колхозе, совхозе, поселке, я – в классическом царственном городе – но, пережили войну и он, и я. Учились в советской школе, в интернациональной среде, в комсомоле, который открывал дорогу для полноценной

учебы, работы, общественной жизни. Конечно, многое зависело от человека – кто, что выбирал, но вот мы выбрали общую стезю и встретились на ней и были счастливы.

Хотя жизнь оказалась короткой, Михаил Иванович успел написать книгу и статьи о культуре Казахстана, о замечательных деятелях литературы и искусства, которых он любил. В личных бумагах он оставил такую запись, как мне кажется, со взглядом в будущее, что начатые им дела будут успешно продолжены: «Но, я верю, что идут за нами молодые, которым дороги идеалы Добра и беззаветного служения Родине, идеалы, воспетые Абаем, А. Байтурсиновым, М. Дулатовым и М. Ауэзовым... Верю, что эта прекрасная Земля создана для счастья».

...У него целая полка была занята книгами афоризмов, изречений из отечественных и зарубежных авторов – «Симфония разума» В.Л. Воронцова, «Сокровища античной и библейской мудрости» Ю.А. Ракова, «Испанская классическая эпиграмма», пер. с испанского В.В. Васильева, в «Мире мудрых мыслей» разных вариантов, не говоря уж о восточных мудрецах – рубаи Омара Хайяма он постоянно носил с собой...

Возможно, один из источников его неординарного ораторского искусства, образного мышления именно здесь, т.к. на многих блокнотах, листках и даже на рабочих бумагах – как уже писал об этом наш друг Габбас Кабышев – Михаил Иванович собирал, особенно на казахском языке, и берег бриллианты остроумных и мудрых высказываний. И стихи – он выписывал, перепечатывал Пушкина, Тютчева, Абая... Такая натура.

Его библиотека во многом формировалась и пополнялась за счет книг, подаренных ему писателями, поэтами, учеными, деятелями литературы и искусства. И казахских, и русских авторов. Главное в том, что автографы на каждой книге очень теплые, сокровенные. Библиотека стала не только собранием книг – она как бы создала духовный облик ее хозяина и его почитателей. Спасибо директору БАН Г.К. Абугалиевой и профессору А.Ж. Аманбаеву, что они смогли собрать и сохранить часть этого богатства (А.Ж.

Аманбаев. «О чем повествуют автографы». Алматы, 2005. На казахском и русском языках. – Михаил Исиналиев. Избранное. II том, изд. «Арыс». Алматы, 2007 год).

У Михаила Ивановича было небольшое хобби – он собирал книги маленького формата. Переписывался с любителями – был у него хороший друг в Душанбе – Халмурат Шарипов – обменивались. Друзья привозили из Саратова, из Москвы, присылали из Вильнюса, из Петрозаводска, из Тбилиси, Праги, из Казани, Челябинска, Свердловска и даже «Новый завет», изданный в Швеции. Здесь в Алма-Ате любителями этого жанра были Анвар Шманов, Санжар Джандосов, Борис Самсонов и др. Настоящим шедевром у Михаила Ивановича были его любимые эпиграммы – «Эпиграмма – хохотунья, эпиграмма – егоза, трется, вьется среди народа и завидит лишь уroda – разом вцепится в глаза» – Е. Баратынский. Пять совсем маленьких книжечек на пяти языках. Издательство «Книга». – Москва, 1986.

Таким был наш Маке...

Август 2018 г.

БАСТАН КЕШКЕН ЖӘЙТТЕР

1986-жылғы Желтоқсаннан беріде 10 жыл өтті. Бұл мерзімде қуаныш та, өкініш те болды. Сүйінішіміздің желбіреген жалауы – Қазақстанның тәуелсіздігі! Бұл – ата-бабаларымыздың сан ғасыр бойы азаттықты аңсай жүргізген жанқиярлық күресінің тарихи шешім тапқан жарқын нәтижесі десек, кешегі Желтоқсанда халқының ар-намысын қорғаған, елінің еңсесі ендігәрі түспеуін талап ете қол ұстасып, иық тірестіріп сапқа тұрған мыңдаған іні-қарындастарымыздың, ұл-қыздарымыздың келесі ұрпақтар мақтаныш етер ерліктерінің ешқашан өшпес үлгі-өнегесі де!

Өкінішіміз – республика басшыларының әділетті боларына сеніммен Алматының орталық алаңына шыққан жастарымыздың сол басшылардың көз алдарында, солардың көпе-көрінеу қолдауларымен жазаланғандары, дені дұрыс адам сенбес қорлық-зорлық көргендері, оқудан, жұмыстан қуылғандары, сотталғандары. Солай болса да, креслосы мен портфелінен қымбаты жоқ кейбір басшысымақтар кейінде: «Мен сонда жастарды қолдадым!» деп бетпақтана күпінді. «Шіркінде ес болсайшы сезет деген!» (Абай).

Жеңіспен аяқталған қасіретті ол күндер жайында аз айтылған, аз жазылған жоқ. Әлі де айтылар да жазылар. Ақын Мұхтар Шаханов пен журналшы Коммунар Табеевтің ауыздарынан, қаламдарынан шыққан артық-ауыс әңгімелер анықталар. Екеуінің материалдарында, өкінішке қарай, әлдебір емеуірінге илігіп, шындықтың шырайын толық аша алмау, бірді көтеріп, бірді бәсеңдету бар.

Ол күндер туралы ақиқатты республика партия ұйымының

басшысы Г.Колбиннің бетіне баса батыл, ашынып айтқандар: ақын Жұбан Молдағалев, жазушы Сафуан Шаймерденов, заңгер академик Салық Зиманов. Ал 17 – 18-желтоқсанда республика комсомолы Орталық комитетінің 1-хатшысы Серік Әбдірахманов, милицияның генералы Мұрат Қалматаев жастарымызды қорғап ашық сөйледі.

Басшылық жақта жанталас басталды. Жылы орынын суытып алмай отыра беруді көксеумен жаңа «қожайынға» жағынудың өзара жарысы қызды. Бірінен бірі асып түсуге кіріскен кейбір құбылмалы белсенділер, ғылым мен мәдениет саласындағы белгілі қайраткерлердің қайсыбір ылпың-жылпың қасқалары Колбинге барып, оны көлгірси қолпаштап, өздерінің араларындағы тақкүндестерді жамандап бақты. Кейбіреуінің оза шапқаны соншама: Колбинді «туған әкемдейсіз!», «екі тілдің атасысыз!» деп жалбақтады. Ондай рухани байғұстарды көру жиіркенішті-ақ!

Қайрат Рысқұлбеков пен жолдастары сотқа тартылғанда ҚазТАГ баспасөзге ол туралы қысқаша хабар және сот залынан қайраттардың суретін таратты. Алматы облыстық партия комитетінің 1-хатшысы С.Мендібаев оны өрескел заңсыздық деп бұлқан-талқан болып, агенттік директоры, белгілі әдебиеттанушы, журналшы Жұмағали Ысмағұловқа дереу партиялық жаза қолдандырып, оны орнынан босаттырды. Ол қылығы жоғарыға жалтақтаған құлдық сықпыт еді.

Жазықсыз жазаланған жас желтоқсаншылардың соттың өздерін өлімге кескен үкімі оқылған сәтте селт етпей, еңселерін тік ұстап, түйіле тура тұрған батыр кескіндері небір қылқалам шеберлерін тәнті етер бейнелі сюжет болды.

Жоғары оқу орындарының жортақай басшылары да «жарыстан» қалыспады: өмір жолына құлшына қадам басқан студенттерді жүздеп, мыңдап оқудан қуып, мыңдаған жас ғұмырды өксітті.

Көп ұлт-ұлысты еліміздің Алматыдан алыс ауылдарға дейінгі

аралығын қайсар ұлтты жасытуға тиіс пайызсанаушылық дерті ойлап табылып, обадай тарап жөнелді. Биліктің жоғары-төменгі баспалдақтарын санап жүрген солақай есепшілдер қай ұлттың қайсы жерде қаншасы оқып, жұмыс істеп жүргендерін шотқа салып аласұрды. Сол тұста республиканың Сыртқы істер министрі қызметіндегі маған да көз алартып, министрлік жүйесінде орыс кадр аз деп айып таққандар болды. Сыртқы істер министрлігі Мәскеудің саясатын ұстанған, Қазақстанға күн құрғатпай келіп-кетіп жататын шетелдік делегацияларға қызмет ететін жергілікті кадр басым болуы шарт жүйе екенін ескермеді.

Орталық комитеттің ұлтаралық қарым-қатнас комиссиясының Колбинсіз өткізілмейтін болған мәжілістерінің бірінде пайызсанаушылыққа қарсы сөйлеп, жоғары оқу орындарына алыс түкпірлердегі қазақ ауылдарынан келетін, сол себепті орыс тіліне жетік емес қазақ жастарының санын шектеуге болмайтынын айттым. Пікірімнің кімге, қандай әсер етерін байқап жүріп, тақ иесі Колбиннің оң бағыттағы ой өрісі тар, бірақ айла-шарғылы алаяқ екенін, одан талай зардап шегерімізді аңғардым. Желтоқсан оқиғасына, жалпы сол кезде Қазақстанда болып жатқан жағдайларға партиялық дұрыс, әділ баға берілмейтініне көзім жетіп, «Правда» гәзеті, «Коммунист» журналы арқылы дабыл қағудан басқа жол жоғын түсініп, Мәскеуге барып, аталған басылымдардың редакторларымен кездестім, сөйлестім, алайда ешқайсысы ақиқатты қажет етпеді. Ақырында көзге көрінбес қоршауда қалдым.

Қазақстан КП Орталық комитеті 1988-жылы 4-маусымдағы пленумында СОКП Орталық комитетінің Желтоқсан туралы шешімін талқылады. Басқарғандар маған сөз бермеді. Ауызша, жазбаша талабымды елемеді. Біраздан соң «жарыссөзді тоқтату жөнінде ұсыныс түскені» хабарланды. Мен сөз беруді тағы да талап еткен сәтте Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Еркін Әуелбеков орнынан ұшып тұрып, менің талабымды батыл қолдап сөйледі. Маған сөз беру-бермеу

дауысқа салынып, маған мінберге жол ашылды. Көкейімдегі қыжылды ақтарып айттым. Өзіміздің Орталық комитеттің, араларында СОКП Орталық комитеттің де мүшелері, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттары да бар облыстық партия ұйымдары басшыларына былай дедім: «Алматыда бірер күн ғана болып қайтқан «мәскеулік өкілдер» атүсті ұйғарым жасады, ал тың игерудің 35 жылында қатардағы агрономнан, инженерден СОКП Орталық комитетінің мүшесі дәрежесіне көтерілген сіздер өздеріңізге мәлім шындықты нақтылап айтып беруге тиісті едіңіздер, жоқ, олай болмады, міне, біржарым жыл бойы ауыз ашпай жүрсіздер!».

Залды өлі тыныштық басты...

Мәжілістен кейін менің әдеттегі жолдас-жораларымның көбі маған жоламады. «Бірдеңеге ұшырап қалармын» деп шошынған шығар.

Ертеңінде телефоным жиі шылдарлады. Орынды да өткір сөзіме риза бола құттықтаушылар көбейді. «Кремльдік» телефонымды алғаш сөйлескен Министрлер Кеңесіміздің төрағасы Н.Назарбаев болды. Ол хабарласады деп ойламаған да едім, өйткені ол маған қалайда салқын қарайтын. Ал бұл жолы жарқын дауыспен: «Михаил Иванович, сіз кеше пленумда ақылман ақсақал екеніңізді танытып сөйлеп, біздің ойымызды жайып салдыңыз. Рахмет! Қазақ халқы бұныңызды ешқашан ұмытпай, алғыс айтатын болады», деді. Қолдаған ниетіне рахмет айттым.

Иә, қоңырау шалынып жатты. Халықтық бақылау комитетінің төрағасы Б.Исаев: «Тым қатты кеттің, қауіп-қатерлі сөз айттың, мінберде жүрек талмасына ұшырап қалуың мүмкін еді ғой», деп «жанашырлық» білдірді.

Пленумдағы сөзімді баспасөзге беруді ойлап едім, орыстілді гәзеттер ат-тондарын ала қашты. Қазақтілділер арасынан «Қазақ әдебиеті» гәзеті ғана қабылдап, ұзатпай жариялады. Бас редакторы Шерхан Мұртазаевқа, әрине, риза болдым.

Қазақстан – бірыңғай мемлекет, құрамында жеке ұлыстық сипатты бірлестіктер жоқ. Алайда солай болып кетуі мүмкін еді. Ұраншыл Орталық 1986-жылғы желтоқсаннан кейін Қазақстанға қырын қарауға кірісті. Жергілікті ұлт кадрларына сенімсіздік көрсетті. Қазақ халқының сана-сезімінде сәл де болса жаңғыру байқалуына жол бермеуді көздеді. Одақтас республика ретіндегі құқығын шектей бастады. Орыстандыру қолға жедел алынып: негізі орыс әскери құрамаларды көбейтті; шеттен орыс, басқа да ұлт өкілдері әкелінетін өнеркәсіп орталықтарын көптеп салу жобаланды.

Қызыл сөздің қырманшысы Колбин, демократ болғансып тілін безеп жүріп, ұлт-ұлыстардың кадрларын өзара қырқыстыру амалдарын астыртын қолданып, қазақ халқының мүддесін аяқасты етуге тырысты.

СОКП Орталық комитетінің бас секретары Горбачев 1988-жылы КСРО Жоғарғы кеңесі президиумының төрағасы болып алысымен Колбин де қосымша таққа құмартты. Оны ұйымдастыруы оп-оңай болатын. Ал ол ойы елімізге өте қауіпті еді. Орталықтың еркесіне айналған Колбиннің екі дізгінді ұстасымен республикада автономдық екі-үш құрылым жасауы, яғни екі-үш «Карабах» болуына себеп табуы сөзсіз. Онысы бізді гамлеттік «болу-болмау» мәселесіне апарып тіреп, Қазақстанды одақтас республика болудан, ата-бабасының жерін тұтас сақтай алудан қалдыратын қауқарсыздыққа ұшырату еді. Ғұлама тарихшы Курций Руфтың: «Бөліктері ыдырай бастаса, тұтастың аты өшедісі» болатыны мүмкін-ді.

Республикамыздың, ұлтымыздың, ортақ тірлікті ұлыстарымыздың өзара ынтымақтан айрылуын қайткенде болдырмауды ойлап, ешкіммен кеңеспей, ешкімге сездірмей, басымды бәйгеге тіктім де, М.Горбачевқа хат жазып, Колбиннің екі креслоға отыруына үзілді-кесілді қарсылық білдірдім. «Қай республиканың болсын Жоғарғы кеңесі – оның ұлттық

мемлекет екендігінң нышаны, сондықтан оны жергілікті ұлт өкілі басқаруға тиіс» дедім.

(Бұған дейінгі жарияланымдарда Мәкеңнің орыс тіліндегі ол хаты ықшамдалғанын ескеріп, енді толық нұсқасын беруді, алайда хатының мәтінін түпнұсқа күйінде ұсынуды жән көрдім, – Ғаббас.)

**Москва, Кремль, Генеральному секретарю ЦК КПСС,
Председателю Президиума Верховного Совета СССР
тов. М.С.Горбачеву**

Глубокоуважаемый Михаил Сергеевич!

Исполняя свой гражданский и партийный долг, вношу на Ваше рассмотрение конструктивное предложение. На очередных сессиях Верховных Советов союзных республик, по аналогии с Верховным Советом Союза ССР, первые секретари ЦК Компартий союзных республик будут избираться Председателями Верховных Советов соответствующих республик. В Казахстане до сих пор Президиум Верховного Совета имел номинальное правовое положение, ибо только сейчас, в условиях перестройки, партия провозгласила: «Вся власть – Советам». Но вместе с тем Верховный Совет олицетворял национальное государственное образование и возглавлял его представитель коренной национальности. Теперь положение изменяется. Будущий Председатель не только в Казахстане, но и в руководстве Верховного Совета СССР должен представлять республику и коренную нацию, которая сохранила от предков территорию, язык, традиции, историю и культуру, вправе наряду с другими национальными образованиями в составе Союза иметь как во главе Верховного Совета республики, так и в коллегиальном руководстве Верховного Совета СССР своего представителя. Каждая нация состоит из разных людей – один патриот и активно действующий гражданин, другой – ограниченный и равнодушный к общественной жизни человек, но когда целая нация в чем-то ущемляется, то антиподы становятся едины в оскорбленных национальных чувствах,

ощущении своей неполноценности. Трудно после этого ожидать проявления доверия и глубокого уважения к тем, кто это допустил. Поэтому долг политиков, вперёдсмотрящих, не давать повода для межнациональных конфликтов, для глубокого залегания неприязни, которые однажды могут вылиться в непредсказуемые последствия. Деятелям с метафизическим мышлением, увлекающимся подсчитыванием процентного соотношения, следует напомнить, что в Казахстане проценты не в пользу казахов не потому, что казахская женщина перестала рожать, а потому, что в 30-х годах – голощекинском (головотяпском) периоде – погиб каждый третий казах (в войну в Белоруссии погиб каждый четвертый житель). Потребовалось более 50 лет, чтобы численно восстановить нацию. Мой народ был гостеприимен, когда началось индустриальное развитие республики и в Казахстан приезжали со всего Союза, казахи радушно встречали своих братьев и сестер с оккупированной фашистами территории в годы Великой Отечественной войны, а также во время освоения целинных и залежных земель, и мы не думали, что может такое случиться.

В настоящее время, к сожалению, некоторые «счетоводы» от политики доброту, щедрость народа, его государственное мышление, что СССР – это единая страна и богатство родной земли надо осваивать всем вместе, перевели на процентные соотношения численности населения и, таким образом, определяют кадровую политику здесь. В областях и столице работают достаточно много членов ЦК КПСС и членов ЦК КП Казахстана, политиков-аналитиков, которые должны знать истинное отношение людей к подобного рода изменениям, ведущим к определенным негативным последствиям, и честно информировать ЦК КПСС. Если кто-то так не поступает, то, по-видимому, не столько в силу незнания и недопонимания, сколько опасается, что будет причислен к антиперестроечникам, во всяком случае больше срабатывает у человека инстинкт

самосохранения. Отправляя данное письмо, осознаю, что могу пострадать, но глубоко убежден – интерес общества, партии, нации превыше личного благополучия. Вношу конструктивное предложение сделать исключение, т.е. временно не проводить изменений в руководстве Верховного Совета республики с учетом сегодняшнего руководства ЦК КП Казахстана. Надеюсь, что в будущем ЦК КПСС примет благоразумное решение и для руководства республиканской партийной организацией и Верховным Советом республики подберет коммуниста-интернационалиста-казаха. Тогда и не потребуется делать исключение из правила и нарушать вносимые дополнения в Конституцию.

Член КПСС с 1948 г. М.И.ИСИНАЛИЕВ.

25 ноября 1988 г.

...Мен мақсатыма жеттім, бірақ министр қызметімнен босатылдым. Сол әредікте достарымның бірі: «Жоғарыдағылардың ешқайсымен ақылдаспай, қолдауына сүйенбей хат жазғаның не? Ол үшін, орныңнан босату былай тұрсын, өзінді жоқ қылып жіберулері мүмкін еді ғой?!» деді. Мен оған: «Қайсысымен ақылдассам, сол Колбинге дереу жеткізіп, оның өте сенімді кісісіне айналар еді. Сөйтіп, мен орнымнан қуылып, жанымды шүберекке түйіп паш етпек мақсатым тұншықтырылып тасталар еді» дедім.

Ел қатарлы жіберген хатымның арналған әдріске жетпейтінін білдім де, қызмет бабымды бір рет жеке басыма пайдалануды ойлап, Сыртқы істер министрлігінің арнаулы бөлімі арқылы төте байланыс жолымен жібердім.

(Дәп сол кезде бұлайша хат жазу Кремльге бомба тастаумен бірдей емес пе еді?! Республиканың Сыртқы істер министрі коммунист Михаил Иванович Есенәлиевті «Батыр!» демей көр енді!

Мәскеуден дереу өкіл жеткен. Әдеттегіше жариясыз айтыс- тартыс, қорқыту-үркіту болған. Хакім аға қайыспаған!

Горбачевшылдар аяқтарын тартып тынған! Горбачевқа да жан керек екен, сонау партконференциядағы ойынан қайтыпты.

Батыр ағаның хаты негізінде мақала жазып, қазақшасын «Қазақ елі» газетінде, орысшасын «Новое поколение» газетінде жарияладым.

Әлбетте, Хакеңмен келісіп. Ал келісімін алуым қиын болды. Өзін өзі не насихаттап, не насихаттатып көрмеген адамға менің өтінішім өрескелдік сияқтанды. «Сен қызық екенсің?!» деп ренжіді. Анау жолы «хат атаулыдан коллекция жасайтыныма» сеніп қалса керек. Әйтсе де, журналы-жазушылық тілімді ары безеп, бері безеп дегендей, бой бермедім. Менің ойым: – Хакеңнің ерлігін елі білсін. Мұрағатта шөгіп қалмасын! – болды.

Мақаланы оқыған қаламдастарымның үлкен-кіші он шақтысы, басқа бес-алты кісі маған телефон шалып: «Есенәлиев жүрек жұтқан батыр екен ғой?! Ғажап ерлік жасаған екен!» десті. Соны Мәкеңе қуана айтқанымда: «При чем здесь я? Это – твоя заслуга!» дегені ғой...

Егер Мәкеңнің сол ерлігін атаққұмарлардың біреуі жасаса, Алматыны көшіріп жібере жаздап күркіреп жүрер еді, ә?!.)

Хатымды жіберер алдында, кешкісін, Орталық комитеттің 2-хатшысы Меңдібаевқа шақырылдым. Екеуіміздің сөзіміз Колбиннің кабинетінде жалғасты. Әңгіме барысында Жоғарғы кеңестің сессиясы шақырылатынын, онда кадрлық ауыс-түйіс болатынын, Колбиннің мемлекеттік өкімет төрағасының креслосына отыратынын білдім. Маған Жоғарғы кеңес президиумы төрағасының, яғни Колбиннің орынбасары болу ұсынылды. Сәті келгенде аянып қалғым келмеді де, Горбачевқа жазған хатымдағы ойымды қадап айтып, ұсыныстарын қабылдамадым.

Хатым жіберілді. Сол әредікте Венгрияға іссапармен аттануға тиіс болдым да, Мәскеуге жетісімен СОКП Орталық

комитетіне бардым. Хатымның аппаратта қаралып жатқанын біліп, ол әрекетке көңілім көншімей: егер хатым Горбачевқа берілмесе, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің мүшесі, республика Жоғарғы кеңесінің депутаты, министр ретінде Горбачевтың қабылдауына күш салатынымды айттым. Ал Венгрияға сапардан оралысымен білгенім: Горбачев хатыма бұрыштама соғып, СОКП Орталық комитетінің хатшысы Г.П.Разумовскийге беріпті. Ол байырғы танысым: «Шал, сен шатақ жасадың. Хатыңды Колбинге шабарманмен жөнелттік» деді. Маған керегі де сол еді.

1989-жылы наурыз айында республикалық партактив жиналысы болды. СОКП Орталық комитетінің хатшысы Разумовский қатысқан сол жиында мен әзірлеп алған депутаттық сауалнамамды оқыдым да, оған табыс еттім. Сауалнамамда одақтас республикалардың Жоғарғы кеңесі мен үкіметінің төрағалары жергілікті ұлт өкілдері болуы конституциялық негізде бекітілуі қажет делінген.

Орталық комитеттің пленуындағыша, партактивтегі сөзім де көпшілікке тосын естілді. Тағыда өлітыныштық орнап, одан соң қолшапалақтау ырымы болды. Үзіліс кезінде көпшілік менен тағы да қашқақтады. Қасымда комсомол шағымыздан бергі екі жолдасым ғана тұрды. Генерал Б.Байтасов келіп, қолымды қыса ризашылықпен: «Сен бәріміздің көмейімізде түйіліп жатқан сөзді айттың» деді. Мен: «Генералдар қақалып жүрмесінші деген оймен айттым ғой», деп әзілдедім.

Сол жылы республика Жоғарғы кеңесінің сессиясы болды. Төрағалыққа М.Сағдиев сайланды. Колбиннің құлай көксегені жайына қалды, оның республиканы саясат саудасына салу зәлімдігі іске аспады.

Меніңше, егер Колбин содан кейін мөлшері екі жылдай біздегі басшылық орнында отырған болса, Қазақстанның тәуелсіздігі жариялана сала бізді ала қойға айналдырып, айтыс-тартыс, қырқыс жасауға жанталасар еді.

Енді бір ойым: Колбин маған орынбасарлықты неге ұсынды? Сірә, біздің біраз «жігіттердің» айтқанға көнгіш, айтаққа ергіш екендерін көріп-білді де, өзіне кереғар мінез танытып, қарсы сөйлеп жүрген егде, зейнеткерлікке жасы жақын маған төрден орын беріп, аузымды жауып қойғысы келген болар. Әбден мүмкін. Бірақ кремльдік көсеуші қателесті. Ол атақ-дәреже атаулыдан әлдеқайда қымбат ар-намыс барын ойлап шаршап көрмеген екен.

1989-жылы 25-сәуірде болған Жоғарғы кеңес сессиясына депутаттық сауал жолдап, Желтоқсан оқиғаларын зерттеп анықтауға қоғамдық өкілдерден арнаулы комиссия құруды талап еттім. Алаңда не болып, не қойғаны Колбинге, Мирошхинге, Князевке, Мирошникке, Ефимовке мәлім, басқалар, тіпті Жоғарғы кеңестің депутаттары, Орталық комитет мүшелері бейхабар екенін айттым.

Арада үш ай өткен соң (ол мерзім, әрине, кулық-сұмдықты шише тоқуға еркін жетті) танымал ақын Қадыр Мырзалиев бастаған комиссия құрылды. Оның алғашқы мәжілісіне мен депутаттық сауалнаманың авторы ретінде шақырылып, сұрақтарына жауап беруші болдым. Комиссия мүшесі Б.Исаев депутаттық сауалымда басшылықтағы адамдарды неге атағанымды сұрады. «Сұрағыңыздың қитұрқысын түсіндім. Оларды славяндар болғаны үшін ғана атаған жоқпын. Қызмет-дәрежелеріне қарай шындықты тек солар біліп отырды. Мирошник – Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы; Князев – Ішкі істер министрі; Ефимов – Орталық комитеттің әкімшілік бөлімінің меңгерушісі (сот-тергеу орындары соның құзырында); Мирошхин – екінші хатшы; Колбин – бірінші хатшы. Барлық мағлұмат солардың қолдарында. Орталық комитет бюросының басқа мүшелері оқиғаның мән-жайын Колбиннің өлшемі көлемінде ғана біледі», дедім.

Комиссияның сол мәжілісі мен алғаш та ақырғы рет шақырылған мәжіліс болды. Қадырдан кейін комиссия

төрағасының орнына отырған М.Шаханов мені керек етпеді, тіпті «бар екен-ау» демеді, комиссия менің дабыл-талабым бойынша құрылғанын ешқашан айтқан емес.

Республика басшыларының да көздеріне сүйел болсам керек, олар менен жасымның ұлғаюымен байланысты отставкаға шығуға өтініш беруімді талап етті. Жоғарғы кеңес төрағасының орынбасары болуымды ат-түйедей қалағандарында жасымды есептемеген еді, енді ескере қалыпты.

Колбин Мәскеуге шақырып алынып, оның орнына Нұрсұлтан Назарбаев отырды. Жаңа қызметімен құттықтағанымда ол: «Біз сізді құттықтауға тиіспіз. Сіз бізге, жастарға, тазалап жол ашып бердіңіз» деді.

Біраз уақыт өткеннен кейін ол Орталық комитеттің 1-хатшысы міндетіне қоса Жоғарғы кеңестің төрағасы болды. Ол президенттікке сайланардан бұрын бірде екеуіміз ашық әңгімелестік. Өзара өткірлеу болған сөзіміздің соңында ол: «Иә, Михаил Иванович, сіз Горбачевқа жазған хатыңызбен, республикалық партактивте Разумовскийді нысаналап сөйлеген сөзіңізбен, Колбинмен әңгімелеріңізбен көп нәрсенің басын ашып бердіңіз. СОКП Орталық комитеті Колбинді мұнда енді қалдырмауды ұйғарды. Колбиннің өзі де отыра беруіне болмайтынын түсінген болатын» деді. (1990-жыл, 25-қаңтар).

Тарихымыздың, 1986-жылғы Желтоқсаннан кейіндегі біраз жәйттерге қатысы болғанмен, анықтап жазылмаған беттері осылар еді.

Қазақстанның тәуелсіздік жолы теп-тегіс болып басталған жоқ.

М. ЕСЕНӘЛИЕВ.

1994 ж.

(Бұл – мақаланың алғашқы толық жарияланымы. – Ғаббас.)

ІРІЛІК пен ҰСАҚТЫҚ (Үзінді)

...Мен мақалаларымның бірінде «әйтеуір бір кезде «Боямасыз Қонаев» деген кітап жазылар» деп үміт білдіргенмін. Өйткені, ол қаншалықты әйгілі қайраткер болса да жұмырбасты пенде ғой, ағаттықтан ада қала алмайды. Ең өкініштісі сол, Димекен өзін ұната қоймаған кісіге әділдік тұрғысынан қарамайтын. Басшылар ұстануға тиіс қағидадан: «Ұлық болсаң, кішік болдан» айнып қалатын. Мамандығы кен инженері болғандықтан «сопроматты» білуі шарт-ты, бірақ ол «қарсылықтың» қыбын өзіне жақпағандарды аластаумен табатын.

Республикаға, ұлтқа, қазақстандық қауымға қыруар еңбек сіңірген ұлағатты Дінмұхаммед Меңліахметұлының пендешілік қателіктерін айтпай-ақ қоюға болар еді, бірақ бүгінгі де, ертеңгі де ұрпаққа қажеті бойында «ешбір міні болмаған» әулие емес, шын мәнінде «әттеңі» де болған кәдімгі пенде Қонаев керек...

Кейде маған: Ол кісімен арақатнасыңыз қандай еді, жүз шайысқан жәйттеріңіз, «кетісіп қалған» кездеріңіз болды ма? – деген сұрақтар қойылады. Жауап беру оңай да, қиын да. Оңайлығы – менің қызмет жолымның түсініктілігі. Саяси биік орган болған Орталық комитет, бірінші басшы Д.А.Қонаев маған жауапкершілікті орынды сеніп тапсырды. Өмірімнің олай қалыптасқаны үшін тағдырыма ризамын. Құдай да, адамдар да маған оң көзбен қарады. Тіршілікте неге қолым жетсе де, бәрі өз еңбегімнен. Ешқашан ешкімнің көлеңкесін сағалаған жоқпын. Бұндайдың кейбіреулерге ұнай бермейтіні рас. Өмірбаянымдағы, мінезімдегі кейбір жәйттердің Димекен де жөн көрінбегені бар. Бірсыпыраларға «өзіміздің арадағы өзге біреу» сияқтандым. Димекен мені өзі отырғызған екі оттың ортасында ештеңені күйдіріп-жандырмай, барлық шаруаны ұқыптап тындыра білгенім үшін ұстап жүрді деп ойлаймын. Менің арқа сүйер атақты ағайындарым мен достарым, әмірі

өктем тобым да болған емес, ал ондай хал-ахуал – аумалы-төкпелі кадрлық саясатта оңтайлы-ақ нәрсе.

...Орталық комитеттің Бөлім меңгерушілігіне бір жыл болған кезімде шекеме алғашқы шертпек тиді. Орталық комитеттің пленумында бір шешен Мәдениет бөлімін, оның меңгерушісі мені біраз сынады. Сөз сарынын аңғардым да, пленумнан кейін Димаш Ахметұлына барып: «Егер мен Бөлім меңгерушісі болып жарытпай жүрсем, босатыңыздар. Мұнда Бюроның, 1-секретарьдің қолдауынсыз істеу мүмкін емес. Бөлім жұмысы қалың қауым зиялылармен байланысты, бірінші кезекте мәдениетті дамытуымыз, өнерлі зиялыларды қолдауымыз керек. Оларға Комитеттің ой-пікірін жеткізіп, өзара түсіністік болуына жетісуіміз шарт, билік пен зиялы қауым қабақ шытыспағаны жөн. Мен балға мен төстің арасындамын. Егер Орталық комитет оныма күмәнданса, қызметімнен босатыңыздар», деп ашына айттым. Ол менен ондай сөз күтпеген сияктанды: «Жо-жоқ, істей беріңіз, біз сізге сенеміз, қолдаймыз!» деді.

Мен Бөлім меңгерушілігінде он екі жылдан аса істедім... Ол жылдарым кірбеңсіз, рахат өтті дей алмаймын. Жұмыстың аты – жұмыс қой, сан сынақтан өттім. «Көзге шыққан сүйелдей» болғаным да бар. Орталық комитеттің бюросында бізге қатысы шамалы жәйт үшін іліп-шалу болып жүрді. Өз пікірімді нықтап, айтысып қалып, қорғанып та бағатынмын. Орталық комитеттің мәжілістеріне үнемі қатысып жүретін Бородин Александр (Жалпы бөлім меңгерушісінің орынбасары) бірде менің орынбасарым Альберт Устиновқа: «Бюрода, Секретариатта Димаш Ахметұлына, Бөлім меңгерушілері былай тұрсын, Орталық комитет секретарьлары да, бюро мүшелері де қарсы шықпайды, ал Михаил Иванович «қыңыратки» береді, онысы түбі өзіне жақсы болмас» депті. Расында облысқа екінші дәрежелі бір қызметке баруыма «ұсыныс» жасалды. Мен жасым 50-ге тақағанда көшіп-қонып жүре алмаймын деп бастарттым. Біраз уақыттан соң Сыртқы істер министрі етіп тағайындады.

Оралық комитеттің мүшесі едім, енді съезде Орталық комитет мүшелігіне кандидат етіп «сайлады»...

Димекенмен қарым-қатнасым ресми іскерлік сипатта болды. Отандастарымның басым көпшілігінше, мен де оны Қазақстанның игілігіне мол пайда келтірген аса көрнекті қайтаркер деп білем.

Енді айтпағыма – Д.Қонаевтың пендешілігіне келейін. Ол қайраткер ғана емес, ең алдымен кәдімгі адам болды, оның мінез-құлқында, іс-әрекетінде әлсіздіктер, оғаштықтар кездесті. Ал онысы кейде үлкен істің барысына, қайсыбір дарынды, талантты адамдарымызға кесірін тигізді. Ол тіршілігіміздің қай саласында болсын қабілеттілердің беделі мен танымалдығына үлкен қызғанышпен қарайтын. Сөзім жалаң болмас үшін көпшілік қауымға, әсіресе зиялыларымызға мәлім бірер фактіні айтайын.

Ғұлама ғалым, республика Ғылым академиясының негізін қалаған Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың сонау бір жылдары нахақ қуғындалғаны, орнынан босатылғаны, кейінде, әйтеуір, Президенттікке қайтадан сайланғаны белгілі. Қанекеннің ғылым дүниесінде ғана емес, күллі Қазақстан қауымындағы, КСРО және Әлем алдындағы беделі мен танымдылығы зор еді. Үкіметтің басшысы, одан кейін ширек ғасыр ҚКП Орталық комитетінің 1-ші хатшысы болған Д.Қонаев Қанекендей тұлғаны мақтаныш етуге, үнемі колдап жүруге тиісті еді. Ел үшін, халық үшін. Алайда олай болмай шықты. Қ.И.Сәтбаевтың көзі тірісінде көрген қиянаты былай тұрсын, қайтыс болғаннан кейінде аруағы еленбеді, ескерілмеді. Оның ұлы бейнесін әдебиетте, кинода, сурет өнерінде ашып көрсетуге құлықсыздық көрсетті. «Қазақфильмде» жасалған кинолента болып еді, онда Қанекеннің еңбек жолы жақсы баяндалған-ды. Соны республика басшылары жаратпады. «Жарамсыздығы» мән-мазмұнының «нашарлығында» емес еді, «Сәтбаевқа табынудың орын алғандығында еді. Жазушы Медеу Сәрсекеевтің Мәскеуде

«ЖЗЛ» сериясымен шығарған «Сәтбаев» кітабын, бұрын өзімізде жариялауға рұқсат берілмегеніндей, қазақ тілінде шығаруға тағы да тиым салынды.

Шын мәнінде Халық жазушысы Сәбит Мұқановқа жасы 70-ке толуына орай Социалистің Еңбек Ері атағын алып беруді сұраған қыруар тілектің ескерусіз қалғаны, талантты ғалым, танымал қаламгер академик Евней Букетовті Қонаевтың көмекшісінің бірі (*идеология жөніндегі В.Владимиров, – Ғаббас.*) дәрекі жалаға жем еткені белгілі.

Өмірлерінің бір кезеңдерінде Д.Қонаевтың тарапынан әділетсіздік көрген ғылым, мәдениет, сондай-ақ мемлекет және қоғам қайраткерлерінің тізімін: Ш.Шөкин, Ж.Тәшенев, Ш.Есенов, Е.Дүйсенов, Қ.Ахметов, т.б. толықтыра түсер еді. Айталық, Байкен Әшімов республика Министрлер Кеңесін 14 жыл басқарды. Ойлап талдау қабілеті мейлінше күшті, адамгершілігі аса жоғары, байсалды, әділ, қайырымды адам. Республиканың экономикасын, мәдениетін, әлеуметтік-тұрмыстық деңгейін көтеруге ғажап мол еңбек сіңіріп, өте беделді болды. Басқаларды айтпағанда, осы Бәкеңді Димекең ерекше құрметтесе жөн еді, бірақ олай етпеді. Димекеңнің жарияланған мемуарларында өзімен ондаған жыл дізе түйістіре қызмет істеген Бәкең, т.б. жолдастары жайында бір ауыз жылы сөзі жоқтығы мені де таңқалдырды. Сонау тың игеру, одан бергі кезеңдерде өзіне тірек бола білген үлкен-кіші адамдардың барлығын жоққа шығарғаны ақылға әсте қонбайды.

50-70 жылдардағы жастарымыздың көшбасшылары: Н.Дыхнов, С.Кенжебаев, Қ.Егізбаев, Ө.Жәнібеков және басқалар өмірде болмағандай. Қара қылды қақ жарған әділ, тура сөзді батыл Өзбекәлінің бар-жоқ «кінәсі» өзі Комсомол басшылығынан кетерінде орнына Димекеңнің қойғысы келген кісісін өткізбегені, комсомол ісінің ақсамауын көздеп, лайықты кадрды сайлаттырғаны болды. Сол үшін бір орында бірер жылдан артық отырғызбай, онда-мұнда ауыстыра берді,

тиянақты еңбек еткізбеді. Ал Өзбекәлінің тарихи тұлға екені екiнiң бiрiне аян едi.

Өкiнiшке қарай, Димаш Ахметұлында өз төтесiнен ойлай бiлетiн, қолынан мiнсiз iс келетiн, бiрақ жоғарыдағыға жағымпазданбайтын тұлғаларды бағалай бiлу жетiспейтiн, анығында – бағалағысы келмейтiн. Оның сарай iшiндегi «өз адамдары» – сүйiктi сыбырлағыштары мен «сұр кардиналдары» (қызметтен тыс мезгiлдегi кеңесшiлерi) айтқан ақпарларға сене кететiн дағдысы болды, ал олары кадр мәселесiн шешуде трайболистiк-аймақтық психология мен ойлаудан арыла алмайтындар едi. Мiне, тап сол тұстарда бiздiң сатириктер: «биографиясы жараса да, географиясы жарамайды» деген әжуаны шығарған болатын. Сол принцип бойынша бiреулердi желпiлдетiп көтермелеу, жоғарылату, ал ендi бiреулердi ережеге шөктiрiп, жылдар бойы «байлауда ұстау» болды. Жаққандарды қолдау, қолпаштау, олар ұйымдастырған сорақы iстердi елемеу ортақ шаруаға, Димаш Ахметұлының беделiне нұқсан келтiрiп жатты, тiптi, тұтастай алғанда, ұлтымыздың игiлiгiне, бiрiгiуiне үлкен зиян тигiздi.

Меносыретте өз басымнан кешкен келеңсiздiктердi, Димекене «өз адамдарының арасында өзге кiсi» болған жағдайларымды айту қажетсiз деп ойлаймын. «Өзгелердiн» бастарынан өткен, өзiм куә болған жәйттердiң де бәрiн тәптiштемедiм, шолып қана шықтым. Шындықтың жүзiне тура қарай бiлу шарт. Ол, қайталап айтамын, ертеңгi ұрпақ үшiн қажет. Тарихи тұлғалар туралы әңгiмелегенде тек шындық айтылсын, жүзшiлдiк, рушылдық, жершiлдiк сияқты сырқат, жалған намыс опа таптырмайды!

М. ЕСЕНӘЛИЕВ.

(«Қазақ әдебиетi», 1997 ж.)

НЕ МЫТЬЕМ, ТАК КАТАНЬЕМ

Среди глав постсоветских государств, пожалуй, никто так часто, как Н.Назарбаев, не употребляет слова «демократия», «демократизация». В ушах так и звучит: «халва, халва».

Но вот ближайшее его окружение в Администрации, 4 пропрезидентских СМИ, спецслужбах, кто на деле, не по чиновно верноподданнически, а творчески обязан проводить демократические принципы, позиции, делают все с точностью до наоборот.

Они не приемлют честного и откровенного суждения по злободневным проблемам, им подай материал на мелодию одного из министров: «все хорошо, все мы одобряем, все мы контролируем»... Этим же грешат официальные республиканские СМИ.

Но бывают моменты, когда просто нельзя молчать о коррупции в верхних эшелонах власти, о проекте Закона «О земле» и т.д., и тогда идешь в редакции непроправительственных газет. Эти редакции подвергаются шельмованию, преследованиям за то, что не пляшут под дудочку власти.

Более того, их материалы, заслуживающие внимание главы государства, аппаратом не доводятся до его сведения.

Только этим можно объяснить, что президент во второй раз обращается по телевидению к гражданам: «Помогите мне в борьбе с коррупцией». И сам же после этой передачи принимает руководителя партии «Отан». всем хорошо известно, что неодолимая коррупция, именно во властных структурах, составляющих костяк партии «Отан».

Перечень таких парадоксов предостаточен. Самый последний курьез – телесюжет о редакторе газеты «XXI век» Б.Габдуллине, инкриминирующий получение им взятки. Скрытая камера показывает лицо и руку «получающего» деньги, но не показывает лицо и руку дающего, нет и внятного комментария, за что даются деньги.

Кстати сказать, это предупреждение всем руководителям, кто в своих кабинетах по ведомостям расписывается и за свою зарплату.

Сказав «А» для припуга, не говорят «Б» для ясности. И невольно думаешь: это настоящее шерлокхолмство или очередная провокация спецслужб? Не мытьем, так катаньем напугать и заставить замолчать редакцию писать правду. Спрашивается, а где же демократизация общественной жизни (о чем вещает президент)?

Господа, некрасиво грязно работать, оказывая медвежью услугу, опять «подводить» президента – «отца казахстанской демократии». Теперь же надо или доказать крамолу, или не просто отмываться, а принести публичные извинения и не повторять глупости.

М. ИСИНАЛИЕВ.

(«XXI-век», 1999 г.)

ОН СПЕШИТ ЕЕ РАСПРОДАТЬ (СКУПИТЬ?)

Общество серьезно обеспокоено обсуждаемым в парламенте Законом о земле. А суть его — продажа земли и на частную собственность. Инициатором идеи являехя нной, как Президент страны. С завидным упорством он на протяжении ряда лет, последовательно ведет линию разгосударствления все и вся. На селе созданы десятки тысяч бутафорских крестьянских хозяйств. Результат известен. Владельцами сколь-либо стоящих колхозов н совхозов оказались их прежние руководители, а народу досталась дырка от бублика.

Теперь под жестким прессингом президента (даже с отсрочкой парламентских каникул) в пожарном порядке собираются

принять Закон о земле. Повод: казна пуста, производство парализовано, поступления от налогов мизерные, распродано все, что можно продать. Остается земля. Спешат. Очень. В первую очередь толстосумы, ставшие таковыми за счет грабежа и прихватизации народного добра. Но им все мало. Спешат за бесценок закупить лучшие земли страны, фактически весь Казахстан. Накоплен большой опыт. Подставные лица ринутся вперед.

Властям, конечно, нулжо отвлечь ставшие взрывоопасными народные массы. Нарисуют привлекательную перспективу: Выкуп земельного надела, кредиты, собственное хозяйство, рынок, доходы, капитал. Хошь – обработай сам, хошь сдай в аренду, можешь, продать. Райская жизнь. Мечта! И это в нашем насквозь коррумпированном обществе! У расплодившихся пропрезидентских организаций, подобных «Отану», и политических деятелей, коленопреклоненно бьющихся лбами перед проводимой политикой, хочется спросить: за какую, с позволения сказать, реформу вы ратуете? За ту, которая разрушила экономику страны, социальную инфраструктуру, материальные и духовные ценности общества, привела к люмпенизации общества, криминализации страны, широко открыты шлюзы для внедрения так называемой «массовой культуры» Запада, пропагандирующей разврат и насилие, отбрасывая национальную культуру, многовековые традиции и менталитет? Ведь и отношение казахского народа к праву собственности на землю складывалось на протяжении тысячелетней его истории, и не считаться с этим, мягко говоря, глупость. Конечно, общество – не застывший кристалл, оно в постоянном движении от низших к высшим социальным формам. Но при этом собственная культура и традиционный менталитет должны выступать предпосылкой развития.

И то, что у нас в стране совершается немало антинародного «напролом» и «вопреки» можно объяснить дефицитом

у правящей элиты базовых теоретических, историко-экономических знаний.

Мы все стали немymi свидетелями, даже участниками того, как наше государство, по существу, лишилось права собственности на становой хребет любого государства промышленность, энергетику, телекоммуникации, связь, транспорт, авиацию. Все это отдано иностранному капиталу.

Теперь, распродав землю, государство лишится основной ценности, что равнозначно самоубийству.

Спрашивается, что происходит в стране, неужели наступило умопомрачительство власти? Предполагаемый Закон о земле действительно может стать преступлением века, преступлением власти перед нацией и ее будущим: Всем нам необходимо учесть, что вопрос о земле – это не только социально-экономический, но еще больше политический, нравственный вопрос, с чем прямо связаны мир и стабильность в обществе.

Несколько лет назад, когда военный конфликт на Балканах только намечался, одна российская газета писала: «Кровопролитие будет продолжаться, потому что это не религиозная и не этническая война, это битва за землю».

Три месяца тому назад «Независимая газета» писала: «Уральское казачество хочет быть в составе России... Если эту проблему не желают решать... президенты, ее начинают решать сами народы с оружием в руках».

Власти Казахстана безмолствуют, зато проталкивают Закон о частной собственности на землю. Так и хочется сказать: хватит экспериментов и законов, провоцирующих распри, вплоть до кровополития!

Президент, парламент и правительство обязаны прислушаться к голосу общественности, отложить рассмотрение Закона о земле. Вспомним, сколько законов за годы независимости мы приняли, а толку... Набрали под десяток миллиардов долларов иностранных инвестиций, кредитов. Где они? В чьи карманы они

попали, кто за них в ответе? Уверен, что и выручка от продажи земли уйдет как вода в песок. Рухнет Казахстан, а Нурсултан Назарбаев окажется его первым и последним президентом. Как Горбачев.

Положение может выправить только собственное производство, отечественный капитал. Но последний давно стал частным капиталом и находится в зарубежных банках или в стране в виде недвижимости толстосумов. Отсюда единственный выход – возвращение казахстанского капитала из-за рубежа и превращение народа в главную производительную силу общества.

В любом случае купля-продажа земли – непростительный грех!

М. ИСИНАЛИЕВ.

(«Казахстанская правда», 1999 г.)

МӘНІ ЕРЕКШЕ ЕРЛІК

Бұл кісі туралы алғаш естігеніме қырық шақты жыл болған екен. Студенттік шағымда анда-санда тек іні ретімен ғана Асқар Сүлейменовтің әріптестері арасындағы әңгіме-дүкенге куә боп, құлақ түріп жүретінмін. Сонда, бірде, Қалтай Мұхамеджановтың соғыстан кейін шетелде қалып қойған отандастарымыздың тағдырын арқау еткен «Жат елде» пьесасын сахналау барысында өткен маңызды талқылау және жазушылардан басқа да ірі қызметкерлердің спектакльге көзқарастары сөз болған. Қалалық партия комитетінде істейтін аты-жөні орысша сол адам жайында, жаңылыспасам, өте оңды пікір айтылды. Кейіннен ол әдебиет пен өнер қызметшілерінің еңбектеріне, тыныс-тіршілігіне сергек қарайтын үлкен үйдегі Мәдениет бөлімін басқаратын әділ адам есебінде аталып жүрді. Анық есімде қалғаны одан беріректегі бір сәт: Асекең маған әлгі кісіге мен жайында өтініш білдіре аламын деген. (Бұл 1977-жылдың желтоқсаны болатын. Сол шақта кандидатурам балалар газетінің редакторлығына ұсынылып, орталық партия комитетінің насихат бөлімінде мақұлданған да, енді орталық комсомол комитетінде тиісті әңгімелесу үрдісінен өту үшін Мәскеуге аттанғалы жүргенмін. Мен ағаның қамқор ниетіне рақмет айттым, сосын бұл әңгіме қайтып қозғалмаған). Содан кейінгі жылдарда ол кісіні әрәдік қатысуға реті келіп қалатын кейбір үлкен жиындардың төралқасынан, мінбеден көретінмін. Қайта құру кезеңінде, «Азат» қозғалысы дүниеге келіп жатқан шақтағы ұйымдастыру комитетінің бір жиналысында, жалпыхалықтық сипат алмақ қозғалысты басқаруға үкіметтік биік қызметтен шеттетілген осы озық ойлы кісіні – Михаил Иванович Есенәлиевті – шақыру керектігі

көтерілгеніне куә болғанмын. Жұртшылықтың ұсынысын қабыл алған Мәкең «Азаттың» орталық алаңда өткізген алғашқы митингісін жүргізген, азаматтық қозғалыстың төрағалығына сайланып, қилы шаралар ұйымдастыруды басқара бастаған.

Михаил ағамызды осындай реттерде көріп, сөйлеген сөздеріне, білдірген пікірлеріне сүйсініп жүргеніммен, бірде-бір мәрте тікелей ой алмасып, тілдескен емеспін. Ғаббас аға Қабышұлы менен ол жөнінде естелік жазып беруімді сұрағанда үндей алмадым, ешқандай араласым болмаған адам жайында еске алатын ештеңем жоқ қой деп ойладым. Бастартпақ болдым. Екі ойлы боп жүргенімде Ғабан ұсынысын қайталап, орындалу мерзімін белгіледі. Шегінер жер қалмады. Жақын араласпағаныммен, сырттай да болса белгілі дәрежеде іш тартып, бұл кісіні құрметтегенім рас. Ендеше осынау өзіндік сипаттарымен ел қадіріне ие болған қайраткердің қандай қасиетімен менің есімде қалғанын әңгімелеп бергенім орынды болар деп шештім. Өйткені бұрын ол кісі хақында шалашарпы білгенімді тереңдетер мүмкіндіктер әлдеқашан туған (төрт кітап боп өзінің шығармашылық мұрасы басылды, оны жақын білгендердің жүрекжарды естеліктері шықты, қазір де баспасөзде жарияланып жүр). Демек, белгілі бір кезеңде сол кісіге қатысты көңілге түйіп, бертініректе беки түскен ойымды білдіруіме әбден болады ғой деп ойладым.

Әуелі 1986-жылғы 16-желтоқсанда республика басшылығының ауыстырылуы мен соның артынша орын алған қасіретті күндердегі көңіл-күйімді еске алуыма тура келеді. Кремль өзінің қайта құру, шынайы демократияға бет бұру сынды жаңа саясатына кереғар келіп, біздің елімізге қатысты солақай шешім жасағанда, Алматы жастары бірден наразылық білдірді. Сонда қыздар мен жігіттердің бейбіт демонстрациясы биліктің дөрекі күш қолдануы салдарынан 17–18 желтоқсандағы көтеріліске ұласып, әскери күшпен басып-жаншылды. Одан кейін құдды үрейлі 37-ші жыл қайта

орнағандай ахуал үстемдік құрды. Осы жағдайдың қатардағы қызметкер менің де, мемлекет қайраткері Есенәлиевтің де азаматтық парызымызды өткір түйсінуімізге әсер еткеніне, әрқайсымызды өз деңгейімізде шешімтал қадам жасауға итермелегеніне күмән жоқ. Мені қойшы, министр ағамыздың іс-әрекеттері ерен де ерек, дара және әділ бағасын әлі күнгі тосып тұрған сирек қайраткерлік құбылысқа жататыны анық.

Мен ол уақытта ҚССР Жоғарғы Советі Президиумының аппаратында істейтінмін. Осында Қазақстан комсомолының Орталық Комитетінде қызметтес болған біраз жігіт жұмыстан қол қалт еткенде пікірлесіп жүруші едік. Арамыздағы жоғары жақпен байланысы бар бір пысығымыз Мәскеуден өкілдер келгенін хабарлап, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ертеңгі Пленумында болуға тиіс өзгеріс жайын қанағаттанғандық сезіммен жария етті. Мен ертең тура сол айтқандай жағдай орын алса, ешқандай да таңғалмайтынымды, бірақ оның нағыз тарихи қателік болатынын, сондықтан биік форум ондайға жол бермес деген ойымды білдірдім. Алайда бәрі тура сол жолдас айтқандай болды. Кейінірек мәлім болғандай, Пленум бас-аяғы он жеті минутта өте шыққан. Пленум мүшелері республиканы пәлен жыл басқарып, қалың елдің құрметіне бөленген бірінші басшыға алғыс сезімдерін білдірмеулері өз алдына, оның орнына мәскеулік билік тағайындап әкелген кадрдың кандидатурасын кері қақпақ түгіл, тереңірек тануға да талпынбаған. Қазақстан секілді ірі республиканың басшылығына сырттан әкелінген, жұртшылыққа беймәлім өзге ұлт өкілін сайлаудың тарихи қателікке барабар қадам боларын ешқайсысы ауызға алмаған. Оны айтасыз, аты-жөні Пленум үстінде ғана тосыннан аталған сол жаңа кадрды цеканың (ортпарткомның) құрамына кооптация жасау, сөйтіп оған бас дізгінді ұстату алдында, тым болмаса, оның мұнда атқармақ жұмысының мақсатын, ұстанар бағдарламасын тыңдап, азын-аулақ талқылау қажеттігін Орталық Комитеттің төрт жүз мүшесі ішінен тым болмаса біреуі

талап етпеген. Бұл мені, қатардағы коммунисті, қайран етті.

Сол шақта басқа түскен тағдырлы сын сәт, қанша келіскіміз келмесе де, еліміздің шынайы бейнесін әшкерелеген-тін. Алып ССРО-дағы он бес «одаққұрушы» мемлекеттік бірліктің біріндегі – «тәуелсіз республика» деп аталатын әдемі жалау жамылған жаңа тұрпатты «потемкиндік деревнядағы» – «Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшелері» деп аталатын басқарушы саяси элита іс жүзінде Мәскеудегі орталықтың құлақкесті құлына айналып кеткен боп шықты. Олар жол берген қателікті – Кремльдің ұлттық республика халқының пікірімен санаспай жасаған озбыр шешіміне көзсіз бой ұсынуын – жап-жас қыз-жігіттер түзетті: жаппай көшеге, демонстрацияға шықты, қуатты сап құрып, орталық алаңға лек-лек боп ағылып келді де, Мәскеудің бұл саясатымен келіспейтіндіктерін ашық жария етті. Партияның қайта құру саясатына сеніп, бейбіт түрде наразылық шеруін жасаған еркіндік аңсаушы жастарды жазалаушылар сонда, орталық эмиссарын төбелеріне он жеті минутта шығарып алған әлгі элитаның мақұлдауымен, аяусыз қырғынға ұшыратты. Бейбіт демонстрация көтеріліске ұласты. Отарындағы қандай да бір бас көтеруге төзбейтін қызыл император репрессия машинасын іске қосты. Шолақ белсенділер мен жасақшыларға жергілікті билік суық қару үлестіріп берді, олар арнайы дайындықтан өткен әскерилермен бірге қимылдап, көтерілісшілерді және олардың тілектестерін қарлы алаңда қатыгездікпен жазалады, итке талатты, қамады, қуғындады, қысқасы, барша жұртты империя отарының өз құқтарын қорғауға хақылары жоқ бодандары, кәдімгі құл-құтандары деңгейіне түсірді. Империя мүддесін күйттеген республикалық саяси элита «партия шешімін түсінбеген» көтерілісші жастарды жаппай ғайбаттау жұмысын ұйымдастырумен шұғылданды. Мұндай жағдаймен келіспеушілік жер-жердегі түрлі жиналыстарда айтылып та жатты, бірақ ешбірі қолдау таппады.

Көтерілістен соң бір апта өткенде, 25-желтоқсанда, Жоғарғы Совет Президиумы аппаратының партия жиналысында мен де сөйледім. Сөзім, әрине, жастарды бірауыздан айыптап ұрандатқандардың «партиялық бағытына» қиғаш шықты. Тиісінше шолақ белсенділік бұрқ етіп тұтанып, тез өршіді де, маған байланысты «жеке іс» ашылды. Мәселем коммунистердің қайтадан шақырылған жалпы жиналысында тағы талқыланды. Одан сол жиналыс арнайы құрған комиссия сөзімнің қағазда нобайланған мәтінін жіті тексеріске салды. Сосын советтік парламент аппаратындағы коммунистерді шошытқан менің тәртібім комиссияның қорытындысы бойынша партбюро мәжілісінде қаралды. Ақыры, үшінші мәрте өткен жалпы жиналыста маған партиялық жаза берілді. Содан соң, аудандық партия комитетінің комиссиясы мен бюросындағы қатаң жаза талап еткен талқыдан кейін, әрең дегенде, бастауыш ұйым берген жаза бекітілді. Осылай таяқ жеп жүрген кездерімде мен билеуші тетіктерге жеткен кейбір азаматтардың оп-оңай солақайлық жасай беретінін көрдім. Өздері ойлап тапқан «ұлтшылды, партияның жауын» орайы келіп тұрғанда тұқыртып, жазалап жіберуге әзір тұрғандарына, кейбір адал-ау дейтіндердің әділдікті жақтауға батылдары бармайтындықтарына, жеке бастарын ғана ойлайтын немкеттіліктеріне әбден көзім жетті.

Желтоқсан оқиғасын талқылауға арналған 25-желтоқсандағы сол алғашқы партиялық жиналыс соңында Жоғарғы Совет Президиумы Төрағасының орынбасары қорытынды сөз сөйлеп, менің көп жәйтті сыни тұрғыда орынды көрсеткенімді мойындаған еді, алайда ертеңіне-ақ онысынан айнып қалды. Жиналысқа қатыспаған, бірақ сөзімнің жазбаша нұсқасымен мұқият танысқан Жоғарғы Совет Президиумының Төрағасы мен қозғаған кей мәселелерді, әсіресе «халыққа білім беру органдарының жұмысындағы кемшілікке қатысты» айтқанымды қолдады. Мәтіндегі: «орыс тілінде оқытатын мектептерде

қазақ тілі формальді, факультативті түрде, негізінен тек қазақ балалары үшін ғана жүргізіледі. Қалғандарының ата-аналары, тіпті мұғалімдер де, өздерінің ұғымынша, бейне-бір керексіз тіл санатындағы қазақшаны оқытам деп, сәбидің басын қатырудың керегі не деп есептейді. Мұндай көзқараспен біз жергілікті халықтың тіліне, мәдениетіне балалардың құрметпен қарау сезімін тәрбиелеуден бастартамыз, яғни партия саясатының интернационалистік қағидаларына іс жүзінде қайшы келеміз», – деген жолдардың астын сызып, орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту проблемаларының Президиумда қаралуға әбден лайық тақырып екенін атап айтты. Бірақ маған шибөріше жабылған шолақ белсенді коммунистерден мені қорғап, арашалап алуға ниет білдірмеді. Өйткені Қазақстандағы басшы қызметкерлердің бәрі осында жүрген мәскеулік жолдастардың қатаң бақылауында тұр деді. Әрі, Орталық Комитеттің Бюро мүшесі, Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы менің жиналыста айтқандарымның жазбаша мәтінін оқып, «мынау революциялық сөз ғой!» деген ызғарлы баға беріпті. Партиялық ақыл-ойға, ресми құжаттарға сүйеніп сөйлеуім себепті мен өзімді айыпты деп санамай, Орталық Комитетке де барып көрдім. Үлкен үйдегі үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасарына – оқиғадан кейін кенеттен республикадағы ұлт мәселесімен шұғылданып, бұқараға теледидардан талай ақылгөйлік сөз айтқан білгір «көсемге» кірдім. Ол мәтінді оқыды да, бұл сөзім үшін мені партиядан шығару керек екенін айтты. Сонда маған кей жанашырларым «Колбинге барсайшы» деген кеңес берді. Бірақ мен жаңа Бірінші хатшының қабылдауына кіруге ниеттенбедім де, өйткені оның сол шақтағы тіл жөнінде айтқандары мен нақты істегендері өзара қайшы келіп, екіжүзді саясаткер екенін аңдатқан еді. Өзімнің өстіп сырттай түйгенім оны тікелей көріп-біліп жүрген Сыртқы істер министрі Михаил Есенәлиев берген мінездемеге үндесіп тұрғанын бертінде білдім. Ол

Бірінші хатшы Геннадий Колбинді «көшбасшы ретінде ойы шектеулі, бірақ әккі, айлашыл функционер, зұлым адам» деп бағалаған еді. Мәкең бұл пікірді ұлтаралық қатынастар бойынша ұйымдастырылған комиссияның мәжілістерінде онымен тікелей кездесіп, әрі сөздерін тыңдай жүріп қорытқан ғой, сондықтан да мінездеменің әділдігіне шүбәланған жоқпын.

Желтоқсан көтерілісі күндері және одан кейінгі бірнеше жыл бойы, жаңылыспасам, тоталитарлық өкімет бұрынғысынша күшінде тұрды. Ол кезде күллі тыныс-тіршілікті уысына мықтап ұстаған мемлекеттік және саяси биліктің тұтқасында тұрғандарға қарсы көңілдеріне келетін бірдеңе деу, әсіресе ащы сын айту, басыңды бәйгеге тіккенмен бірдей екен ғой. Алайда күрт туған дүрбелеңді кезде оны ойлауға мұрша болды ма, «өткір бұрыштарды айналып өтпеу» хақындағы партиялық қағидаға, идеяға адалдық пен әділеттілік жайындағы кітаби сенімімізге сүйендік. Сөйтіп, партияның әділ тұжырымдары мен нұсқауларына сәйкес, өз ұғымымыздағы маркстік-лениндік идеология бағытын бұрмалаушыларды сынаймыз деп арандап қалдық. Ал республикадағы жоғарғы билік сапында жүргендер мейлінше сақ болып шықты. Ойлап қарасақ, олардың қай-қайсысы да көзге теріс бағалануы ықтимал жағынан түсіп қалудан, жеткен мансабынан айрылып қалудан қорыққан екен, сол себепті көбі әліптің артын бағуға шеберленіп алыпты. Не керек, мен партиялық жолмен өз «сыбағамды» алдым, әкімшілік жаза тартып, жұмыстан қуылдым. Еш жерде қызметке орналасудың реті келмеді. Ең арғысы, өз үйім секілденген Жазушылар одағында бос тұрған орынға қабылданбадым: шығармашылық одақтың сол кезгі бір көсемі маған «әуелі жіберген саяси қатеңді түзетіп ал» деді... Алайда тоталитарлық өктемдікке қасақана ескен демократияның «алтын күрегі» бірте-бірте шығармашы жұртшылықтың көзін ашып, сенімін нығайта түсті. 1988-жылдың көктемінде Жазушылар одағының жалпы партия жиналысы менің есеп

карточкамдағы қатаң сөгісті алып тастау жөнінде мәселе қарады. Сонда, кейбіреулердің «оған, бәлкім, батыр атағын беру керек шығар?!» деген кекесінді үн қатуын жиналысқа қатысушылар елең қылмай, маған нахақтан айып тағып репрессиялық шара қолданғандарды кінәлай отырып, жазбаша берілген партиялық жазаны алып тастады. Одан, сол жылғы жазда, желтоқсан оқиғасы жайындағы СОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының қаулысы ҚКП ОК Пленумында талқыланғанда, Қазақ ССР Сыртқы істер министрі Михаил Есенәлиевтің билік пен көпшілік ұстанған бағытқа кереғар, өжет сөйлегені, қаулыдағы халқымызды қорлағанға парапар «қазақ ұлтшылдығы» жайындағы тұжырымға батыл қарсы шыққаны естілді. Тағы бір жылдан кейін КСРО Халық депутаттарының бірінші съезінде ақын Мұхтар Шаханов Желтоқсан мәселесін бар дауыспен жария етті. Тікелей телеэфирден біз оның сөзін Кремльдің эмиссары, республикамыздың бірінші басшысы қалай қабағы түксие тындағанын, атақты композиторымыздың жақтырмаған түрмен қалай басын шайқағанын, мінбеден түсіп бара жатқан шешенге әйгілі әншіміздің қалай жек көре көз тастағанын аңдадық. Сосын тәуелсіздік келді. Сонда бәрі басқаша сайрай бастады. Басқасын былай қойғанда, маған «жіберіп алған саяси қатемді» түзеу жөнінде «білгірлікпен» кеңес берген әдебиет көсемі өзінің ешқашан Ленин туралы, партия туралы мақтау сөз жазбағанын мақтанышпен жария етіп жатты...

Қайғылы оқиғаның он жылдығы қарсаңында жазған мақаласында Есенәлиев «аязды желтоқсанда ұлт намысын қорғауға шыққан мыңдаған жігіттер мен қыздарды» жазалаушылардың «жеке басы мен орынтағын ойлап зәрелері ұшқан республика басшылығының қолдауы» негізінде қатыгездікпен ұрып-соққанын, соттық, әкімшілік жолмен қудалағанын, ахлақи тұрғыда жасытып, тұншықтырғанын айта келіп, «бүгіндері біздің қайраткерлеріміздің құдды оларға

да Желтоқсан үшін «тер төгуге» тура келгендігі жайында айтқан мәлімдемелерін естігенде – күлесің, күлгенде, тіпті, жиіркеніштен құсқың келеді» деп жазды. Бұл партияның өз ішінде өсіп шыққан, пәлен жыл оған адал қызмет еткен қайраткердің сөзі еді. Ондайды басқа ешкім айтқан жоқ, сондықтан да Мәкеңе ерекше ризашылық білдіресің. Осы пікір менің Жоғарғы Кеңестегі партия жиналысында: желтоқсанның дүбірлі «күндері ұжымдарда болған жекелеген идеологиялық қызметкерлер де өздерін жақсы жағынан көрсете алмады» деген тұжырымымның растығын дәлелдеп тұрған, сол үшін де оған деген құрметім арта түсті. Әсіресе 1988-жылғы жазда өткен ҚКП Орталық Комитетінің пленумындағы сөзі менің 1986-жылғы 25-желтоқсанда айтқандарыммен үндес шығып жатқанын аңғарып, дән риза болдым. Мен, қатардағы коммунист, Жоғарғы Кеңес Төралқасы аппаратының партия жиналысында: 17–18 желтоқсанда «демонстрацияға шыққан жастарды көзсіз айыптай бермей, түсіну керек, даусымызды шығарып естірте пайымдау керек, ахуалды талдауға алу керек, өткен істі философиялық байыппен сараптап, дұрыс қорытындылар жасау керек. Бұл қозғалыс үшін басты кінәлі біз боламыз, ересек ұрпақ, білімді ұрпақ, біз, партия-совет қызметкерлері, біздің айыпты екенімізді мойындаған жөн», – деген едім. Қатардағы елеусіз көптің бірі санатындағы менің мұнша «еркінсуім» әріптестерімнің шолақ белсенділігін тұтатып, жоғары жақтың саясатын беріле қолдау арқылы көзге түсу мүмкіндігін туғызды, алдарынан «сенімді кадр» қатарына бекем тұрғызатын даңғыл жол ашып берді. Олар мені саяси тұрғыда сенімсіз, күдікті элемент ретінде сынады, сөзімнің мәтінін өздерінің шаласауат ұғымдарымен талдап, «партияға қарсылығым мен ұлтшылдығымды әшкереледі». Ал содан бір жарым жыл кейін өткен 1988-жылғы ОК пленумында Мәкең, ірі мемлекет қайраткері Михаил Иванович Есенәлиев: «Мәскеу өкілдері Алматыда бір-екі-ақ күн болып, тек асығыс-

үсігіс, жүрдім-бардым тұжырымдарын ғана жасай алды, бірақ Қазақстандағы Тыңның 35 жылы ішінде қатардағы инженер және агроном деңгейінен СОКП Орталық Комитетінің мүшесіне дейін өскен Сіздер жағдайды объективті түрде айқындай алар едіңіздер, алайда ауыздарыңыз бір жарым жыл бойы берік болып келеді», – деген еді. Оның сөзі, куәлердің бертінде сыр етіп айтуына қарағанда, ешқашан оғаш пікір естіліп көрмеген партиялық форумда саяси элитаны ашық күні найзағай ойнағандай естен тандырды.

Есенәлиев Желтоқсан оқиғасын СОКП Орталық Комитетінің Қаулысында «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деп бағалаудың дұрыс емес екенін, қазақ халқының халықтар достығына, интернационализмге адалдығын советтік кезеңнің барша қиын белестерінде дәлелдеп келе жатқанын айтты. «Қазақ пен орыс халықтарының достығын, қазақ халқының Ленин партиясына сенімі мен сүйіспеншілігін ешкім ешуақытта бұза алмайды, – деген едім мен де бұрынырақта, көтерілісшілерді айыптау қызу жүріп жатқан ызғарлы желтоқсан күндерінде. – Адамдар бұған ұлттың жанға батқан жанайқайын, қайғы-қасіретін бастан өткеріп жетті, достықтың қасиетті дәнекерлерін ғасырлар бойы шыңдады». Сол орайда «қазақ халқының әртүрлі тарихи кезеңдерде көрсеткен көпке мәлім интернационалистік актілерін» тізіп жатпай-ақ, «қалың көпшілікке беймәлім фактіні» еске салғанмын. «Ұжымдастыруды жүргізген кезде партия-совет қызметкерлерінің Қазақстандағы қорқынышты асыра сілтеулері салдарынан қазақ халқы жалпы санының екі миллиондайын жоғалтқанда да – партияға, орыс халқына сенімін жоғалқан жоқ» дегенмін. Интернационализмнің мәні мен маңызын қарабайыр пайымдаудан, тиісінше, интернационалдық тәрбиені ұзын сорап түрінде, схемалық сипатпен, нобайлап қана жүргізуден бойды батыл аулақ салуға шақырғанмын. Алайда тыңдаушыларды ойласуға ұйыстыруы тиіс бұл мәлімдемем қызметтестерімнің қарсы шабуылын

туғызды. Олар құрған комиссия менің көтеріліс басылғаннан кейін кейбір аупартком хатшыларының еңбек ұжымдарын аралағандағы «примитивті-вульгарлы (қарабайыр да тұрпайы) және залалды түсіндірулерін» әшкерелеуімді айыптады, «демагогиялық пайымдар келтіру жолымен оқиға үшін негізгі кінәні партия және кеңес қызметкерлеріне аударуға тырысты» деп ұйғарды. Мені «құдды өкімет органдары тарапынан жасалған асыра сілтеулер салдарынан жергілікті ұлт адамдары өткен уақытта жаппай өлім құшты деген ойдан шығаруларға жол берді» деп айыптады, және осы «ойдан шығарып өтірік айтуы» («измышления») «болған оқиғаны ақтауға тырысудан басқа ештеңе емес» деп түйді. Мен комиссияның «асыра сілтеуді ойдан шығарды» деген байламына қарсылық білдірдім, онысының жала екенін ұғынуы үшін «комиссияға тарихты, тым болмаса осында «Кіші Октябрь» жасадым деген Ф. Голощекин өмірбаянының қазақстандық кезеңін білгені жеткілікті болар еді» дедім. Нәтижесінде кемшілігін мойындауды білмейтін коммунист қызметтестерімнің зор құлшыныспен жүргізген партиялық тезіне түсіп, партиялық есеп карточкама жазылатын қатаң сөгісін алдым. Яғни қатардағы партия мүшесінің қайта құру рухындағы ойы бесігінде тұншықтырылды. Қасаң ойлы жандайшаптардың дәурені жүріп тұрған шақ еді ол. Алайда бұл жағдай содан бір жарым жылдай уақыт өткеннің өзінде де өзгермегеніне Есенәлиев тәрізді жоғары қызметтегі отаншыл мемлекет қайраткерінің биік мінбеден сөйлеуге әрең қол жеткізуі және сөзінің арты оның жалғыз қалуына ұласуы дәлел. Партиялық иерархияның барша бұтағына орнығып алған, төбедегінің ғана айдауымен жүруге дағдыланған саяси элита аш кенеше айрылмай жабысқан тоталитарлық билік әлі де мызғымай тұрған болатын.

Қызыл отардың билеушілері алдында Желтоқсанға байланысты өткір ойын өжет те батыл аян еткеннен кейін алдынан кесе-көлденең шыққан қилы кедергіге қарамастан,

министр Есенәлиев дұрыстық жолындағы күресін табандылықпен жалғастыра берді. Бұған оның баспасөзде жариялаған ондаған мақалалары куә. Осы ержүрек кісінің билікті көзсіз пір тұтатын ығай мен сығайдың бетіне тура қарап, кемсітілген ұлттың мүддесін айқын тұжырымдаған сөздерімен батыл қорғағаны ғажап еді. Сол пленумдағы жағдайды баян еткен естелік-мақаласында Мәкең мінбедегі сөзін сөйлеп біткенде залда құлаққа ұрған танадай тыныштық орнағанын және «кенеттен менімен пікірлес екен деп ойлап қап жүре ме» деген қауіп бойларын билеген әріптестерінің мәжіліс біткен соң өзіне тақалудан қашқақтағанын жазыпты. Пендешілік бастауыш ұйым мүшелері түгіл, төбедегі басқарушы бас штаб мүшелеріне де тән екен...

Алматыда болған аталмыш пленумнан көп ұзамай, Мәскеуде Бас хатшы Михаил Горбачев Жоғарғы Кеңестің Төрағалығына сайланып, ел басқару ісін бір қолға шоғырландырғаны, билік тармақтарын ауыздықтаудың жаңа бағытын көрсеткені белгілі. Соның үлгісімен Колбин де екі таққа (республикадағы партия және совет органдарының ең жоғарғы орындарына) қатар отырғысы келетін ниетін байқатқан. Мұның соңы ұлттық мемлекеттілікті жоюға, ата-баба жерінің тұтастығын жоғалтуға апаратынын жақсы түсінген министр Есенәлиев Бас коммунист Горбачевке арнайы хат жолдады. Бұл әрекеті жайында оған: «Осы хатты жібере отырып, бұдан жапа шегуім ықтимал екенін ұғамын, бірақ қоғамның, ұлттың мүддесі жеке басымның игілігінен әлдеқайда артық, менің терең иланымым осындай», – деп жазды. Хатында Қазақстандағы Кремль жіберген партия жетекшісінің Жоғарғы Кеңес басшысы да болмақ әрекетіне үзілді-кесілді қарсы екенін айтып, Орталық Комитеттің нұсқауына наразылық білдірді. Қарсылығын дәйектеу үшін қазақ халқының тарихи құқтарын алға тартты, оларды қорғау себептерін дәлелдей келіп, республикада «30-шы жылдары голощекиндік кезеңде әрбір үшінші қазақ

қаза тапты» деп көрсетті, осы мысалының мән-мағынасын салыстырмалы түрде түсіндіру үшін, ал «соғыс кезінде Белоруссияда әрбір төртінші тұрғын қаза тапты» деген дерек қосты. Сосын: «Өзінің территориясын, дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін сақтаған ұлт КСРО құрамындағы өзге ұлттық құрылымдар қатарында өз өкілін ұстауға хақылы», – деген пайымын тарқата келіп, осынау ұлттық мемлекеттіліктің символы іспетті республикалық Жоғарғы Кеңесті міндетті түрде жергілікті қазақ ұлтының өкілі басқаруға тиіс деп нақтылады. Есенәлиевтің Қазақ КСР Жоғарғы Советі Президиумының Төрағасы лауазымын Бірінші хатшы Колбинге қосақтап беруге келіспейтінін ашық айтып, қазақ парламентінің басшылығын жоғарыда жобаланған тұрғыда өзгертуден орталық биліктің бастартуы қажеттігін талап еткен бұл хаты оның өзі үшін аса қауіпті, бірақ біздің мемлекеттілігіміздің сақталуы үшін өте маңызды еді. Ол хат аталмыш қайраткердің асқан жүректілігін танытып қана қоймай, сонымен бірге оның ұлт мүддесіне мейлінше адал болғандығын айқын дәлелдеді.

Мәкең хатын 1988-жылғы қарашада Мәскеуге, Горбачевке жіберер алдында Алматыда Орталық Комитетке шақырылған екен. Оған Жоғарғы Кеңестің әзірленіп жатқан сессиясында жасалмақ кадрлық өзгерістер жайын, Сыртқы істер министріне Жоғарғы Кеңес Төрағасының орынбасары лауазымын ұсыну жобаланғанын хабарлапты. Сонда, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы Колбиннің қабылдауында, еркін де басыбұзық ойымен басшылықты тіксініп жүрген министр Есенәлиев ондай «құрметтен» батыл да шешімтал түрде бас тартады және Колбиннің Жоғарғы Кеңеске Төраға болуына мүлдем қарсы екенін оның көзіне айтады. Егер ондай жағдай бола қалса, оның 1986-жылғы желтоқсаннан да жаман жағдайға ұшырататынын батыл түрде жария етеді. Ол үшін жеке басының мансабы емес, қазақ халқының мемлекеттілігін бейнелейтін символ сипатты

лауазымды жергілікті ұлт өкіліне сақтау маңызды еді. Бірақ, кейінірек естелігінде жазғанындай, «мансаптан қымбат және жоғарырақ тұратын құндылықтар бар» екенін Кремльдің итаршысы «мүлдем сезінбейтін». Сондықтан да сол итаршы өзінің ұсынысын кері қаққан министрге оның зейнет жасы тақалып қалғанын ескертеді... Ал ұлттық құндылықтарға адал министр хатының Бас хатшыға жетуін табандылықпен талап етіп, оның қолына тигеніне, тиісті бұрыштамамен салалық хатшыға табысталғанына көзі жеткеннен кейін кезекті ерлігін жасайды. Салалық хатшы Мәскеуден 1988-жылғы наурызда Алматыға келіп, республикалық партактив жиналысына қатысқанда мінбеге шығып сөйлеп, оған депутаттық аманат тапсырады. Онда одақтас республикалардың Жоғарғы Кеңестері мен үкіметтерінің төрағалары жергілікті ұлт өкілдерінен сайлануы және тағайындалуы конституциялық ережеге айналдырылуға тиіс делінген-тін. Тап былтырғы жазда өткен Пленумдағыдай, сөзі қатысушыларға оғаш көрініп, үнсіз, салқын, жасқанышпен тыңдалды, ал үзіліс кезінде әріптестері қасына тақалуға қорқып, қашқалақтап жүрді. Сөйтіп, партия активінің сол жиналысында Есенәлиевтің тарихи маңызы ерекше ұлы іс тындырғанын, өкінішке қарай, қасындағылар ұқпады. Турасын айтқанда, оның табанды талабы Кремль тарапынан еріксіз мойындалған болатын. Сол 1989-жылы Қазақ Республикасы Жоғарғы Кеңесін басқаруға қазақ өкілі сайланды. Осы актіні мүмкін еткен жәйт – Мәкеңнің сүреңсіз билік адамдарынан ерекшеленіп, ұлт мүддесін жападан-жалғыз қорғаудан тайсалмауы болатын, бұл айтып-жеткізгісіз ғажап құбылыс еді. Қайраткердің тап осы қасиеті менің көз алдымда оның қадірін арттыра түсті. Уәде етілген биік лауазымға бола ұлт мүддесін сатпауы, іс жүзінде қазақ мемлекеттілігінің маңызды белгісін – мемлекет басшысының қазақ өкілінен сайлануы тиістігін қорғап қалу жолындағы іс-әрекеті еліміздегі барша басқарушы элитаға үлгі болуға әбден лайық мысал екені дау туғызбайды.

Ағаның әділдік үшін күресі мұнымен аяқталған жоқ, сол 1989-жылғы 25-сәуірде депутаттық сұрау салып, желтоқсан оқиғаларын және оның құпия шындықтарын ашу қажеттігін көтерді, сол мәселе жөнінде жұртшылық өкілдері қатыстырылатын комиссия құруды талап етті. Бірақ құрылған комиссия құрамына, рас, Есенәлиев енгізілген жоқ. Өйткені аталмыш комиссия Желтоқсанның қасіретті күндеріндегі оқиғаның жай-жапсарын бүркеулі күйі қалдыруды көздеген есеппен құрылған-ды, ол советтік дәуірдің көп кезеңінде сынақтан өткен биліктің амалдың туындысы болатын. Сондықтан да алғашқы Желтоқсан комиссиясы жұртшылық күткен қорытындыны жасауда қауқарсыздық көрсетті. 1989-жылғы 25-мамырда Мәскеуде Халық депутаттарының бірінші съезі ашылғаны, онда халық депутаты Мұхтар Шаханов 1986-жылғы 17–18 желтоқсан күндерінің ащы шындығын жария етіп сөйлегені мәлім. Республикамызда оның басшылығымен жұмыс істеген екінші комиссияға да Михаил Есенәлиев енгізілген жоқ. Ол өзінің депутаттық сауал салуынан кейін, көп ұзатпай-ақ, зейнетке жіберілген болатын. Себебі ол жүздеген биік дәрежелі функционерлер ішіндегі әділетсіздікке төзбейтін, шындықты қасқия қарап тұрып бар дауыспен айтудан тартынбайтын жалғыз күрескер еді. Ал қалғандары сұрқай ләббай-тақсыршыл, үстем ырыққа бейімделгіштер болғандықтан, түрлі жолмен одан құтылуға асыққан. Осы орайда республика басшылығына Колбин әкелінген сәттегі пленумға қатысушылардың жәй ғана қостап қол көтеруші болып қалғанына, ОК-ның төрт жүз мүшесінің арасынан жоғарыдан тағайындалып отырған жаңа бастыққа ең құрығанда қарапайым сауал қоятын бір коммунистің табылмағанына күйінгенім еске түседі. Шынтуайтында, сол үн-түнсіз қостаушылар қатарында Михаил аға да болған еді ғой. Неліктен ол сонда үнсіз қалды екен? Осындай сұрақты оған бертінде байырғы әріптесі Қанапия Ахметов қойғанда: «Ол кезде мен ондай қадамға дайын емес едім, – деп ашық

жауап берді. – Ойда жоққа абыржып қалдым. Саяси Бюроның әлгі қаулысы шыққанда ғана мен мұндай саясатпен бұдан әрі келісуге болмайтынын ұқтым...». Ұқты, ұқты да, батыл түрде ашық әрекетке көшті. Бәлкім, одан басқа төрт жүз шамалы элита да абыржыңқы күй кешкен болар, бірақ 1988-жылғы қаулы олардың көңіліне күдік туғызған жоқ қой, олар сол шақта да, одан кейін де бірауыздан қол көтеріп дауыс берушілер сапында қала берді емес пе? Сондықтан да тек осы жәйттің өзі Есенәлиев құбылысын айшықтай түседі.

Мәкеңнің күрескерлік қырының мән-мазмұнын, сұп-сұр ортадан суырыла шығып жасаған қаһармандығының қандай маңызды өзгерістерге себеп болғанын мейлінше айқын түсіну үшін – тарихқа шамалы шегініс жасап көрген абзал. Совет өкіметі қазақ халқының дамуына таптық негізде болса да кең жол ашып, мол мүмкіндіктер бергені мәлім, бірақ, өкінішке қарай, біздің әр кезгі саяси элита оны дұрыс пайдалана алмады. Кеңестік билік 1919-жылы қазақ өлкесін басқаруды жүзеге асыру және қазақ автономиясын жариялайтын құрылтайшы съезді өткізуге дайындық жасау үшін арнайы әскери-революциялық комитет құрды. Содан соң осы Қазревкомның төрағалығына большевиктер қатарында жемісті еңбек етіп жүрген қазақ азаматын ұсынды. Алайда ревком мүшелері оны қабыл алмады. Ұлт істері жөніндегі советтік комиссар олардан ондай жағдайда революциялық комитеттің бекітілген құрамы ішінен өз кандидатураларын атауды сұрады. Сонда олар, ұлттық қозғалыстың әр кезеңінде әр қиырда қызмет еткен, бірақ царизм дарытқан құлдық психологиядан толық арылып үлгермеген түрлі деңгейдегі сарбаздар, отар ел қайраткерлерін біріктіруі тиіс ортақ мүддені сол уақытқа дейін айқын түсінбегендіктерін көрсетті. Қазақ халқының көп рудан құралғанын сылтауратып, комитетті басқаруға Орталықтың өзі сыннан өткен адамын берсе деген өтініш айтты. Орталық сыннан өткен адамын берді. Сол «дәстүрді» бұзудың бір мүмкіндігі 1925-жылы туған еді. Екі өлкедегі жер-суы біріктірілген Үлкен

Қазақстанның алғашқы кеңестік құрылтайынан кейін республика партия ұйымының басына қазақ қайраткерін сайлап алуға қолайлы ахуал орнаған. Алайда біздің саяси элита оны пайдалану жолын қарастырудың орнына, обком бюросының отырыстарында бір-біріне әсіре сын айту арқылы өз ішінен ешкімнің дараланып төбеге шықпауын көздеді. Бірі Мәскеуге Қазақстандағы «жаңа ұлтшылдарды» әшкерелеген баян-хат жіберіп жатса, енді бірі тікелей Кремльге барып, жағдайды Орталық Комитет пен Бас хатшыға ауызша түсіндіріп жүрді. Осындай қылықтарымен олар төрт-бес айдай бос тұрған бірінші хатшының орынтағын «көлденең көк аттының» иемденуіне жол берді. Ал ол, баршамыз білетіндей, қазақ халқын ұлттық апатқа ұшыратқан 32-ші жыл қасіретін жасады. Егер Есенәлиевтің тап сондай «көлденең көк аттының» аранын тиған 1988-жылғы ерлігі жасалмаса, Қазақ елінің түрлі «ұлттық пәтерлер» мен «тиімді экономикалық аймақтарға» бөлшектеніп кетуі әбден ықтимал еді. Осыларды терең зерттеу, Мәкең секілді мемлекеттік қайраткер танытқан феноменнің сырын жан-жақты парықтап, көпшілікке жеткізу, әсіресе жастарды тарих арқылы тәрбиелеу ісіне пайдалану жолға қойылса, тәуелсіздік іргесінің берік болуын бекем қамтамасыз етері сөзсіз.

Зейнетке жіберілгеннен бергі жылдары ол дипломатиялық қызметте болды. Университет профессоры ретінде оқытушылықпен шұғылданды. Қоғамдық жұмыстар істеді. Бар уақытта да қолынан қаламы түскен жоқ. Тәуелсіз елімізде жүргізіліп жатқан экономикалық және саяси реформалар мен елдің дамуы барысында бой көрсетіп қалатын өзекті мәселелерге жедел үн қатып тұрды. Әрі қолдаушылық, әрі сыншылдық тұрғыда көптеген мақалалар жазды. Бүгінде том-том боп жұртшылық қолына тиген Есенәлиевтің шығармашылық мұрасы тәуелсіздік күрескерлеріне сарқылмас рухани нәр бере алады. Оны зерттеу керек, үзбей оқып-үйрену керек...

2000-жылғы 18-мамырда осы атақты мемлекет және қоғам

қайраткері Хакім (Михаил) Есенәлиевтің тұрған үйіне естелік тақта ашуға арналған жиын болды. Сол жиында академик Салық Зиманов: «...өз халқының және басқалардың бақыты үшін ол біздің діні қатты әлемді жұмсағырақ, жайлырақ етуді қалап еді; ол әділетсіздікке қарсы күрескердің қажымас-қайтпас жігеріне және гуманистің ақыл-ойына ие еді. ...Ол құтқарушы миссияны алып жүр еді. Менің қазақы халқым, қазақстандық халық, біздің бәріміз үшін ұлы іс жасаған осы ұлы адамға иіліп тағзым ет...», – деген болатын. Тереңнен толғаған жүрекжарды сөз. Бұған алып-қосар ештеңе жоқ. Осынау тамаша азаматты бүкіл халық қадір тұтуға тиіс. Бұл үшін деректі, көркем-танымды шығармалар жазу, фильмдер түсіру, ескерткіштер тұрғызу қажеттігін есте тұту парыз.

Дау-дамайсыз ақиқат сол, Мәкең – кеңінен ұлықталуға лайық мемлекет және қоғам қайраткері. Оның өмірлік мұраттарынан, ұлт-азаттық қозғалыстың соңғы тұяқ серпуі іспеттенген қасіретті Желтоқсанға және одан кейінгі өзгерістерге байланысты іс-әрекеттерінен, тәуелсіздіктің қарсаңы мен алғашқы жылдарында жазған терең мағыналы мақалаларынан барша азамат тағылым ала алады. Мен өзімді Желтоқсан күндері жападан-жалғыз қалдырып, «саяси тұрғыда сенімсіз» таңбасын арқалатқан советтік республика парламентінің партия жиналысындағы сөзімде ұстанған позицияма, алға тартқан байламдарыма тіректі көп ұзамай Есенәлиев сынды ірі қайраткер һәм публицистің туындыларынан көргеніме бек ризамын. Туғанына биылғы қыркүйек айында 90 жыл толар алдындағы осы күндері тағыда екпін қоя айтқым келеді: мен оны, Михаил Иванович (Хакім Тілегенұлы) Есенәлиевті, тоталитарлық қасаң замандағы тарихи мәні зор қаһармандық қадамдары үшін қатты қадірлеймін! Аруағына тағзым етіп, басымды иемін!

Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ,
жазушы, тарихшы.

2018 ж.

М. И. Есенәлиев туралы сөз бола қалғанда екінің бірі: – Детдомда өскен ғой. Сөйтіп аты-жөні орысша жазылып кеткендер аз ба, – дейді де, білетін «орысшаланған» кісілерін мысалға келтіреді.

«Михаил Иванович Исиналиев» деген соң, жете таныс еместер солай демегенде, не десін? Ал араласып-құраласып жүргендер оның Есенәлиев Хакім Тілегенұлы екенін біледі.

Әу баста оның өзі де, жолдастары да атын «Кәкім» деп жүріпті. Жазушы Әзілхан Нұршайықов Павлодар облыстық гәзетінің редакторы болып тұрғанында Мұхтар Әуезовтің шығармашылық сапармен келгенін, үйінде мейман болғанын, Мұхаңа арналған қонақасыға облыс басшыларынан, ішінде облыстық комсомол комитетінің бірінше хатшысы Михаил Есенәлиев бар, үш жігітті шақырып алғанын тартымды әңгімелеген естелігінде (*«Жақсымен жанасу». 2001 жылы «Нұрлы әлем» баспасынан шыққан «Хакім. Михаил Иванович. Мәке» атты кітапта*) Мұхаңның бір әредікте Есенәлиевке жымия қарап отырып: «Жә, сендер бұл азаматтың атын бірің «Михаил Иванович», бірің «Кәкім» деп екі түрлі атап отырсындар. Сонда мен осы екі есімнің қайсысына жіп тағуым керек?» дегенін, ал «мәселенің» мәнісіне көзі жеткен соң: «...қазақша атағыларың келсе, онда «Кәкім» емес, «Хакім» деп айтқандарың жөн. Лұқпан хакімді білесіндер. Аристотель, Платон, Сократ сияқты хакімдер бар. Абай өзінің жиырма жетінші сөзін сол Сократ хакімге арнаған... «Кәкім» десеңдер, онда ол «кәкір-шүкір» деген тәрізді жеңіл-желпі, салмақсыз, сөлсіз сөздердің біріне ұқсап кетеді. «Хакім» деген—қорғасындай салмақты сөз. Оған қоса ғалымдық, даналық қасиеті, мәлімдік, мәшһүрлік мәні және бар» деп кеңес бергенін айтады. «Осыдан кейін біз... Әуезов ағамыз «Хакім» деген қазақша ат қойып кетті деп бүкіл Павлодар облысына жайдық», дейді Әзекең.

Сол Хакімнің өмірін қысқаша шолып өтелік. Орал өңірінде дүниеге келген Тілеген жеті жасында жетім қалып, тағдыр қаңғалақтатқан соң не шара, Ресейдің Саратов облысындағы Питер деревнясынан бір-ақ шыққан. Сонда қолбала болып жүрген. Бозбала межесіне жеткенде колхоз бастығының атқосшысы болған. Қазақ емес пе, жылқы малын бағып-қағуға бейімділігі, ептілігі, құмарлығы байқалған ғой. Күндердің бір күнінде деревняға өзге жұрттан Тілегенше тиянақ іздеген бойжеткен келе қалыпты. Қазақ. «Тағдыр қосқан» деген сол ғой, екеуі танысып, ақырында, «екі жарты – бір бүтін» болыпты. Тілеген мен Үмітай.

Хакең бірде өмір жолын әңгімелеп отырып: «Құдай менің қаракөз болуымды қалаған ғой, әйтпесе сонау Питерде қужалғыз қазақ болып жүрген болашақ әкеме өзіндей тұлдыр жетім қазақ қызды – болашақ шешемді апарып бере ме?!» – деп әзілдеген-ді (Хакеңде «з» әрпін «с» етіп пе, әлде екеуін қосып «сз» етіп пе, әйтеуір, өзінше біртүрлі жұмсақ айтатын бір қызық мәнер бар еді).

Жас отау перзентті болған (1928-жылғы 15-қыркүйекте). Ұл бала. Әкесі «Кәкім» деп ат қойған. Той өткен соң Тілекең нәрестесіне туу туралы куәлік алуға барады. Ондағы таныс орыс келіншек: «Ваня ағай, бұл балаңның атын «Михаил» деп қояйық. «Михаил Иванович» болсын. Михаил Иванович Калинин жолдасты білесіз ғой, оны бүкіл дүние жүзі біледі! Сіздің ұлыңыз да Кеңес Одағының сол басшысындай белгілі адам болсын!» – депті (орыстар қазақтың атын өздерінің ыңғайына қарай өзгертіп айта салуға шебер ғой, мысалы Балғабайды - Боря, Танабекті – Толя дей салады. Ал Тілегенді қалайша Ваня (Иван) дегендері қызық. Деревнядағылардың жасы үлкендері «Иван», құрдастары «Ваня» десе, жасы кішілері «Ваня ағай» дейді екен). Көңіл қуанышы кемерінен асып жүрген Тілекең ұлының әйгілі Калинин жолдаспен аттас болғанын дұрыс көріп: «Ну, давай, пиши!» десе керек. Сөйтіп, Кәкім «Михаил Иванович

Исиналиев» болған (бірде Хакеңе: «Аты-жөніңізді қазақшалап алсаңызшы!» дегенім бар. «Түзетер документ тым көп, кейін, пенсияға шыққанда көрермін, қазір уақыт жоқ» деген).

Тілекең мен Үмекең Хақімнің қолында: Питерде, Павлодарда, Алматыда тұрып, бертінде қайтыс болды. Хакеңнің екі қарындасы – Галина мен Роза Алматыда. Ұлы – Тимур Ресейде дипломат еді, әкесінен бір жылдан соң сырқаттанып қайтыс болды, – «жазмыштан озмыш жоқ».

Хакеңнің зайыбы Маяй Ивановна – аласалау бойлы, дөңгелек жүзді, жылы шырайлы кісі. Хакең екеуі әйгілі тың игеру жылдары Павлодарда кездесіпті. Хакең облыс комсомолының басшысы, Мәкең (Маяй Ивановнаны мен кейде «Мәке», кейде «жеңге» деймін) – Ленинградтан комсомолдық жолдамамен келген тыңигеруші. Қазақша еркін сөйлей алмайды, ал айтқанды түсінеді. Нәсілі орыс болса да, жаны қазақ. Бір ғана қырын айтсам: Хақім аға бақилық болғаннан кейінде екі апта сайын жұма күні жеті шелпек пісіріп, байырғы дос-жолдастарын шақырып, құран өткертіп отырды. Қолын жайып, бетін сипаған сәтте көзінен жас ыршып кеткенін байқап жүрдім. Аяулы ерінің жылын берген соң, үш ай өткенде, телефон шалып: «Габеке, келин ал, уйге кел, сағат еки» деді. Бардық. Етене жақын 4 отбасын шақырған екен. Менен өзгелері – комсомол шақтан бергі достары. Хакеңді еске алысып, өмірлеріндегі қызық-шыжық жәйттерді айтысты. Бір әредікте Маяй Ивановна орнынан баяу тұрып, бәрімізге жағалата қарап, көзі жасаурап: «Дорогие друзья!» деп, дауысы дірілдей сөз бастады. Өміріне ризашылығын, бір ғана өкініші – құдай қосқан Мишасынан айрылып қалғаны екенін, өзін жұбатып жүрген дос-жолдастарына алғысы шексіздігін айтып, соңында: «Біздің әулеттің атамекені – Ленинград. Аға, апа-сіңлі туыстарымның бәрі сонда екенін білесіздер, солар мені «көшіп кел» деп шақырып жатыр. Мен көп ойландым... тілдерін алуым жөн сияқты. Ендігі сөз сендерден болсын. Рұхсат етсеңдер – көшейін, ал рұхсат етпесеңдер – осында тұра берейін» деді. Бір

минөттей болған үнсіздіктен кейін ішіміздегі жасы үлкеніміз, Хакеңнің сыралғы досы болған Сағындық Кенжебаев: «Майя, кухня жаққа барып келші», деді ақырын ғана. Майя Ивановна шығып кеткен соң Сәкең баршамыздың пікірімізді сұрады. Ойларымыз ортаға салынды. Хакең мен Мәкеңнің жалғыз ұлдары – Тимур Мәскеуде дипломатия академиясын бітіріп келгенде мұнда қызметке алынбаған. Хакім ағаның: «Мұндағы бетпак билік менде кеткен еселерін ұлымнан алу үшін оны Алматыға жолатпады. Неткен арсыздық?! Е, мейілдері. Тимур Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігіне орналасатын болды», дегені бар-ды... Сонымен, Майя Ивановнаға рұхсат берген дұрыс деп шештік. Бір айдан кейін аттандырдық...

Қай-қайсысымыз да Мәкеңнің («Михаил Иванович» болған соң «Мәке» дей бердік қой) қашан, қайда, кім болып қызмет істегенін білеміз. Комсомолда, партияда, сыртқы саясат саламызда басшылық орындарда болды. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің мәдениет бөлімінде он үш жыл меңгеруші болып, республикамыздың рухани жетістіктеріне мол үлес қосты, оны жауы да жоққа шығара алмас. «Жау» демекші, бірде: – Жауыңыз бар ма, шыныңызды айтыңызшы? – деп әзілге сүйей сауал тастағанымда мырс етіп күліп: – Мұқағали айтқандай, «Дұшпаның бар ма дейсің, қайдан білем?»... Қазекем жүрген жерде неге болмасын, бар шығар, бірақ көзіме көрінгені жоқ, – деп сәл ойланды да: – Орталық комитетте жүргенімде балға мен төстің арасында болдым. Қонаев пен Имашев өздері айтуға тиісті ыңғайсыз шешімді менің аузыммен айтқызатын. Құрып қалғыр әлгі «партийная этика» деген пәле болды емес пе, сол кейде аузымды да, аяқ-қолымды да буып тастайтын... қиын еді ғой... Кадр мәселесінде бір-екі мәрте кінә арқаладым, артқалатқан соң. Бірақ, ол кадрға сол сағатта да, кейін де қолдан келгенінше көмектестім. Көмектескенде: «мен кінәсізбін, маған ренжи көрмеңіз, мені пәленбайлар мәжбүр етті!» демедім... кім білсін, ол оны сезді ме, түсінді ме, әлде: «Есенәлиев сөйтті,

оңбаған!» деген сеніммен кетті ме... ал маған бәрібір қиын тиетін, іштен тынатынмын, – деді.

(Қонаев Дінмұхаммед – Қазақстан КП Орталық комитетінің 1-хатшысы да, Имашев Саттар – Орталық комитеттің идеология жөніндегі хатшысы, - Ғаббас.)

Партиялық жүйеде мен 28 жыл қызмет істедім, жаңағы «партийная этиканың» тысын да, астарын да көп көрдім, сол себепті Мәкеңді түсіндім. Мәдениет министрлігінің, Жазушылар одағының, әдеби баспалардың кейбір басшылар Мәкеңе сырттай наразы болып, оны-мұны қисық сөз айтып отырғанын көретінмін, бірақ, ол кезде Хакім ағамен сырластығым жоқ болса да, «ол өзі сөйтті дейсің бе, сірә, жоғарыдағылар сөйткізген шығар», деп қалатынмын.

Кейінде Хакеңмен табыстым. Бірде жолығып, бірде телефонмен шүйіркелесіп, сырлас аға-ініге айналдық...

1986-жылғы желтоқсанда М. Горбачевтің алаяқтығымен Алматыда болған қанды оқиғаның себеп-салдарын тексеруді алғаш талап еткен адам – Хакім Тілегенұлы.

1988-жылғы 4-маусымда Қазақстан КП Орталық комитетінің пленумы болды. Күнтәртібінде: СОКП Орталық комитетінің Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы туралы шешімін талқылау. Әрине, алдын ала берілген бағыт бойынша, ол шешім бірауыздан мақұлдануы керек. Баяндамашы да, сөйлеушілер де қия баспады. Ол басшұлғушылыққа көңісі келмеген Есенәлиев президиумға жазба жіберіп, сөз сұрады. Бермеді. Сәлден соң орнынан атып тұрып, баршаның көз алдында дауыстап сөз сұрады. Президиум иелері бұлталақтап, сөз бермеуге тырысты: «Жарыссөзді тоқтату туралы ұсыныс түсті» десті. Сол әредікте Қызылорда облыстық партия комитетінің 1-хатшысы, ОК мүшесі Еркін Әуелбеков шапшаң түрегеліп: «Орталық комитеттің мүшелігіне кандидат, Сыртқы істер министрі Есенәлиев жолдасқа сөз бермеу деген неткен жөнсіздік?! Бейбастақтық болмасын, Есенәлиев жолдасқа сөз берілсін!» деп талап етті. Сөйтіп, Михаил Иванович мінберге

көтерілді. Қысқасы, ол СОКП Орталық комитетінің шешімін «махровый казахский национализм» деп бүкіл халыққа беталды кінә таққан күйінде қолдамайтынын айтты. «Мәскеудің өкілдері екі күн болды да кетті. Оқиғаның мән-жайын білмегендіктен үстірт қорытынды жасады. Ал сіздерге не болды? Тың игеру басталғаннан бергі 34 жыл ішінде қатардағы агроном мен инженерден Орталық комитеттің мүшесі дәрежесіне жетіп отырсыздар ғой? Мәселенің мән-жайын біліп, ақ сөйлеудің орнына, міне, біржарым жыл болды, ауыз ашпай жүрсіздер!» деді.

Біздің партиялық қожайындарымыз жыланша жиырылды...

...Партия кеңселерінің тым-тырыс болуы төзімін тауысқан соң, Мәкең Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кезекті сессиясында мынаны оқып берді:

*«ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС ПРЕЗИДИУМУ
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА КАЗАХСКОЙ ССР*

Прошу на очередной сессии Верховного Совета доложить депутатам о физических и моральных последствиях по результатам «наведения общественного порядка» после известных декабрьских событий 1986 г. Прошло более двух лет, но не только общественность, даже члены ЦК Компартии Казахстана и депутаты Верховного Совета республики в неведении: сколько человек исключены и наказаны в партийном и комсомольском порядке, сколько отчислены из учебных заведений и освобождены от занимаемой должности, сколько осуждено, не говоря уже о точном количестве погибших. Выявляя «белые пятна» 30-х годов, не следует создавать новые в 80-х годах.

На сегодня же о последствиях декабрьских событий информированы только: Г.В.Колбин, В.М.Мирошник, Н.Г.Князев, В.И.Ефимов и, возможно, кто-то из бывших или настоящих членов Бюро ЦК Компартии республики. Поэтому вношу предложение создать авторитетную

депутатскую комиссию, в составе которой будут представители общественности. Ей представить необходимые документы и объяснения товарищей, сопричастных к указанным событиям, затем об их заключении доложить сессии Верховного Совета республики и Пленум ЦК Компартии Казахстана. Для чего это нужно? Дело в том, что первые официальные сообщения воспринимаются с большим сомнением сейчас, по истечении времени. Среди интеллигенции и молодежи вузов нарастает волна недоверия к прежней информации. Это может привести к непредсказуемым последствиям. Полагаю, что лучше разобратся сначала самим, чем делать это под давлением общественного мнения. Тогда уже любые честные, справедливые заключения и выводы будут подвергаться еще большим сомнениям, т.е. надо принять меры и снять боль, не превращая ее в нарыв.

Прошу текст данного депутатского запроса срочно передать членам Президиума Верховного Совета республики, поставить в известность Государственно-правовой отдел ЦК КПСС.

**С уважением, - депутат Верховного Совета Казахской ССР,
кандидат в члены ЦК Компартии Казахстана, Министр
иностраных дел республики - М. ИСИНАЛИЕВ».**

25 апреля 1989 г.

Желтоқсан жайындағы комиссия содан үш айдан кейін, шілденің 27-сі күні құрылды. Республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясында. Екі апта өте бере М. И. Есенәлиевке шүйлігу басталды. Шетелге барған ресми іссапардан оралған одан зейнетке шығуына өтініш беруі талап етілді. Шындықтың өткір жүзі бетпақтардың талағын тарс айырды ғой!

Комиссияның ол жолы құрылмауы да мүмкін еді, бірақ Хакім аға тыншымады. Сол сессиядан кейінде тағы былай деді (сөзінен бір үзінді): «...Скажу для сведения народных избранников, что депутатский запрос о физических и моральных последствиях в «наведении общественного порядка» после декабрьских событий 1986 года в Верховный Совет Казахской ССР сделан мною 25 апреля этого года, т. е. за один месяц до съезда народных

депутатов СССР. В то время руководил республиканской партийной организацией Г. Колбин. Тогда он здесь работал и успешно занимался саморекламой. Жаль, что в течении трех месяцев на этот запрос не было ответа... И поскольку события произошли, когда мы действовали, то должны дать ответ».

Иә, комиссия құрылды. Төрағалығына депутат ақын Қадыр Мырзалиев сайланды. Бірер мәжіліс өткізілді де, комиссия тарады (таратылған болар). Келесі төраға депутат ақын Мұхтар Шаханов болды. Көп жұмыс істелді, алайда, ол комиссия көмбеге еркін жете алмады (жеткізбеген болар).

Жоғарыда аталған кітапта академик ағамыз Салық Зимановтың «Он хотел сделать наш мир более человечным» атты естелігі бар (ол жинақ – «Есенәлиев кім еді?» деген сауалға толық жауап беретін кітап!). Онда былай делінген (*үзінді*):

«...Было сенсацией и настоящим подвигом его выступление на Пленуме ЦК Компартии Казахстана 4 июня 1988 года, на котором обсуждалось решение ЦК КПСС о декабрьских событиях в Казахстане 1986 года. На фоне «полного одобрения» Михаил Иванович произнес речь, явно не совпадающую с мнением монополюльно властвовавшей партии. Он, вопреки официальной версии, утверждал, что тысячи юношей и девушек «в морозный декабрь встали на защиту чести нации» и судьба многих из них исковеркана. Он бросил упрек членам Пленума ЦК КПК: «Вы... могли бы объективно прояснить картину, а ваши уста полтора года молчат». Если вспомните, что эту речь произнес не рядовой член ЦК, а Министр иностранных дел, можно себе представить какой груз ответственности взял на себя М. И. Есенәлиев. Общественность расценила это выступление как историческое...».

СОКП Орталық комитетінің Саяси бюросы «қарапайым қазақы ұлтшылдық» («махровый казахский национализм») деп таққан зұлымдық айыпқа сол Пленумда Хакең бірден қарсы тұрып, қаймықпай сөйледі ғой. Билік онысын кешірмеді. Хакең

министр қызметінен босатылды. Айтпақшы, СОКП Орталық комитетінің ол қаулысының мәтіні осында, ҚКП Орталық комитетінде әзірленіпті, сондағы «махровый» деген сөзді идеология бөлімнің меңгерушісі Альберт Устинов қосыпты. Меніңше, қостырды.

...Қызмет ыңғайымен ресми таныстар деңгейінде жүргенімізде бір күні Мәкең жайында ғажап жаңалық естідім. 1994-жылдың жазы еді. Өскемен қаласында іссапармен бір апта болып, Алматыға ұшып келе жатқанмын. Ойда жоқта Игорь «Левитанды» кездестіргенім! Ол да тани қойды. Екеуіміз 1978-жылы Ригада танысқанбыз. Дауысы әйгілі диктор Юрий Левитанның дауысына ұқсастау болған соң әзілдеп «Игорь Левитан» деп жүріп едім, фамилиясын есіме түсіре алмай отырмын. Игорь СОКП Орталық комитетінде істейтінін айтқан. Шұрқырасып хал-ахуал біліскен соң: – Қызметің өскен шығар, қазір кім болдың? – десем, ол қолын сілтей күліп: – «Таңбалыбас Михаилдың» (*орыстарда: «Перед концом света появится Михаил меченый», – деген бе, алде: «Придет Михаил меченый и будет конец света», – деген бе, әйтеуір, сондай бір сөзтіркесі бар, Игорьдің Горбачевті меңзегенін аңғардым, –* Ғаббас) «тазалауына» ұшырап, ол жақтан кеткенмін, бүгінде Ғылым академиясындамын, – деді де: – Бүкілодақтық староста болған Калининмен аттас батыр Михаил Ивановичтерің сау-сәлемет пе? – деді. Мәкеңді айтып отыр ғой! Сыртқы істер министрлігімізде Төтенше хәм Өкілетті елші екенін айтып, «батыр» деуінің мәнісін сұрадым. Игорь құлшына әңгімелеп, соңын: – Горбачевтың ордасын бірінші рет сендердің обком хатшыларың Кешірім Бозтаев дүрліктіріп еді, екінші рет тағыда сендердің коммунистерің, министр Михаил Иванович Есенәлиев дүрліктірді, батырсыңдар! – деп тұжырғаны ғой!..

Арада біреп апта өткенде Хакім ағаны ауруханада ұшыраттым. Палатамыз қатар болып, екі аптадай жаттық. Игорьден естігенімді ақтарып, енді соны өзінен естігім келетінін

айтсам, Хакең жымыңдап: «Өтті, кетті, қайтесің, қажеті не?» дейді. Ақырында: «Кремльге жазылған хаттардың көшірмелерін жинайтын әдегім бар еді, сол хатыңыздың бір көшірмесін беріңізші!» – деп қолқа салдым.

Екі күннен соң үйінен алдыртып берді. Хат 1988-жылғы қарашаның 25-і күні жазылыпты. СОКП Орталық комитетінің бас хатшысы, КСРО Жоғарғы Кеңесі президиумының төрағасы М. С. Горбачевқа. Биліктің екі дізгін, бір шылбыры қолына тиген «таңбалыбас Михаил» сол жылы маусым айында өткізілген бүкілодақтық партконференцияда: «Одақтас республикалар Компартиясы Орталық комитеттерінің бірінші хатшылары әрі республика Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болуға тиіс», деген «жаңалығын» жария еткен екен. Онысы – республикаларды бұрынғыдан да сығымдап ұстаудың зымиян жобасы, деп білген Хакең дереу қарсылық жасап, хат жазып жібереді. Ол хаты Хакеңнің осы жинақтағы «Даңқты күндер» естелігінде келтірілді.

Орталық партия комитетінде мәдениет бөлімінің меңгерушісі болған жылдары Жазушылар одағымыздың үлкен-кіші ресми шараларына Хакеңнің не өзі, не бөлім қызметкерлерінің бірі қатысып жүрді. Ұстазы Мұхаңның – Мұхтар Әуезовтің – өсиетін орындауға кіріскен шәкірті – Жазушылар одағымыздың 1-басшысы Әнуар Әлімжанов Азия мен Африка елдері жазушыларының кезекті бесінші конференциясын Алматыда өткізуді ойлап, жоба-жоспарын жасап, Мәкеңмен ақылдасқан. Мәкең қуана құптап, тікелей араласуды ұйғарып, Әнуар екеуі республика Компартиясы Орталық комитетінің 1-хатшысы Д.Қонаевқа барып, игі ойды мәлім еткен. Димекең мақұлдаған (Әнуар одан кейін Димекеңе Ғабит Мүсірепов, Әди Шәріпов ағаларын ала барып, конференцияны өткізу жоспарын тәптіштеп баяндап, «кіндігін кестіріп» шығыпты).

Екі-үш күннен соң Мәкең Азия-Африка жазушыларының Мәскеудегі Тұрақты бюросына барып, болашақ конференцияның халықаралық мән-жайын зерделеп қайтқан.

1973-жылы тамыз айында өткізілген конференция Совет Одағында, Азия мен Африка елдерінде жоғары бағаланды. Жателдік отаршылдық саясаттың ғасырлар бойы тұмшалаған торын мүлдем сыпырып тастауға бел буған жарты әлемнің қалам қайраткерлері өзара ынтымақтасудың жеңіске жеткізер ұлы күш екенін паш етті. Тарихи шешімдер қабылданды. Сондай-ақ, ол шара қазақ жазушыларының әдеби өрісін кеңейті де. Екі құрылықтың конференцияға қатысқан көрнекті ақын-жазушылары, сыншылары мен аудармашылары танысып, түсінісіп, біразы бір-бірінің таңдаулы туындыларын өз тілдеріне аударуға келісіп, шарапатты ниеттері көп кешікпей іске аса бастады.

Хакім аға мен Әнуардің өзара силастығы жарасымды еді. Бір мысал:

«В КАБИНЕТЕ АНУАРА»

На одном из собраний в Союзе писателей, где были гости из других творческих организаций, после заседания Габит Мусрепов и я поднялись к первому секретарю СП Ануару Алимжанову. По пути следования я пригласил С. Ходжикова зайти с нами вместе. В кабинете я попросил А. Алимжанова открыть коньяк. Тот «удивленно» посмотрел на меня и усмехнулся: «От начальства ничего не скроешь, откуда знает, что у меня есть коньяк», – достал из шкафчика коньяк, разлил на всех, и мы долго, что говорится, до хрипоты спорили.

В основном диалог шел между Мусреповым и Ходжиковым. Стороны были очень упорны на отстаивании своей позиции, но в итоге нашли общий язык и договорились о дальнейшей совместной работе над этим шедевром национального кино. Люди, хорошо знавшие характер С. Ходжикова и Г. Мусрепова, могут представить себе, какой это был разговор, но важен результат. Творческий коллектив киностудии «Казахфильм» с режиссером Султаном Ходжиковым, директором киностудии тогда был Камал Смаилов, создали замечательный фильм

«Кыз Жибек», тепло принятый зрителями во многих странах мира.

Михаил ИСИНАЛИЕВ».

(«Штрихи к портретам» кітабынан.)

Хакеңмен 1994-жылы, маусым айында болар, Әнуарді еске ала (Әнекең 1993-жылы қараша айының 9-ы күні көз жұмды) әңгімелесіп отырғанымызда Мемлекеттік университетіміздегі бір «әттенді» айттым. Журналистика факультетінің бір оқытушысы 1986-жылғы Желтоқсан оқиғасы туралы кандидаттық диссертация қорғап, соған шақырумен қатысқанмын.

– Оқытушы еңбегінің қорытынды бөлімінде: «Жазушы Әнуар Әлімжанов «Литературная газетадағы» мақаласында алаңға жиналған жастарды «бұзақылар, нашақорлар» деп кінәлапты» депті. Оған иланған кейбіреулер: «Орысша оқығандар қазақ туралы не білуші еді?!», «Ол өзі сол күндері алаңда болып па екен?!», «Е, білмей жаза беретіндер бар ғой!» десіп қалды. Мен сөз алып: «Әлімжановтың мақаласын оқығанмен, оншама түсінбеген екенсіз. Әнуар: «...Жастар кінәлі емес, оларды билеп-төстеп отырған билік кінәлі!» деп ашық айтты ғой?» деп жөн сілтедім. Қалай, Хаке, түсінік бергенім дұрыс болды емес пе? – дедім. Хакең мырс етті де:

– «Оқытушы» аты бардың бәрі шын мәніндегі ұстаз бола бермейді. Көптен не шықпаушы еді, – деді де, беталдындағы терезеге қарап сәл-пәл үнсіз отырды. Содан кейін кітап шкафына көз жіберіп, салмақты үнмен: – Әнуардің кім болғанын біліп, айтқан-жазғандарын түсініп, дұрыс бағалай алсақ жарар еді, бірақ... кім білсін, бізде көп мәселе, өздерің айтқандай, «биография» мен «географияға» тәуелді, – деді...

Ал әлгі оқытушының «дәлелі» Әнекеңнің мына пікірі еді (гәзеттегі мақаласынан үзінді):

«...К толпе примкнули хулиганы, пьяницы и другие антиобщественные лица. Разгулявшиеся дебоширы,

вооружившись металлическими стержнями, палками, камнями, избивали и оскорбляли граждан, орпрокидывали и поджигали автомобили...». Әнекең: «к толпе примкнули» дегенде студент жастарды емес, олардың легіне бір бүйірден қосылып, бұзақылық пиғылмен арандатушылық жасаған оңбағандарды айтқан ғой?! Сол күндері неше түрлі тәртіпсіздік, сұмдық жасағандар – сол оңбағандар! Қай елде, қашан болсын билік атаулыға наразылықпен көшеге шыққан ереуілшілердің, көтерілісшілердің легіне ішкіш, пәле-жала іздегіш бұзықтарды биліктегілердің әдейі қосып жіберетіні жазылмаған заңға айналмады ма?..

...Шағын ғана шымыр денелі, қараторы өңді, кішірек нұрлы қоңыр көзді, салмақты мінезді, салиқалы сөзді, дос-жолдастары ортасында аңқылдап, әдемі, жарасымды әзіл-қағытпаны төгіп-төгіп отыратын абзал Хакең еліміздің тәуелсіздікке аяқ басуына, демократиялық қоғамды нысана етуіне бүкіл білім-беделін, қажыр-қайратын жұмсады.

Көсемсөзші (публицист) М.Есенәлиевтің «Блок оппозиции против бесчестия и развала страны» атты мақаласы елдегі саяси ахуалды талдау ғана емес, өзінің қалған ғұмырының бағдарламасы іспеттес те еді (Хакең 1999- жылы тамыз айының 18-і күні кенеттен қайтыс болды).

Қайраткер өмірі қашанда қым-қуыт жәйттерге толы. Мәкең көзі тірісінде «Штрихи к портретам», «На грани... эпох», «Записки дипломата», «Ақиқатын айтқанда» деп аталған кітаптарын шығарды да, өнегелі өмір белестерінен бізге біраз мағлұмат берді. Айта алмай, жаза алмай кеткен жәйттері қаншама екен?!.

Ол аса білімдар еді. Үйіндегі кітапханасында әлемдік мәдениет пен өнердің, көркем әдебиет пен саясаттың, ғылым мен сәулеттің... небір құнды да сирек жинақ-еңбектері болатын. Ұзақ жылдардағы тым қарбалас күндерінде соның бәрін оқуға, әрқайсысынан қажетін алып жүруге уақытты қалай табатынына тандана сұрақ қойғанымда қадірлі аға сәл жымыып: «Бәйбішем

мен бала-немерелерімнен кейінгі серіктерім, сырластарым – осы мүлкім», дегені бар.

Бірде маған телефонмен: «Ничто человеческое мне не чуждо» дегенді кім айтып еді?» деді. Үнінен қуақылық нышаны сезілді. «Е, баяғыдан білеміз ғой, Карл Маркс айтқан!» дедім. Ол балаша мәз бола күліп: «Оқу керек, жолдас, оқу керек. Оны көне Римнің драматургы Терренцидің бір кейіпкері айтыпты, онда Карлды қойып, Маркстың да бабасы тумаған!» деді. Енді бірде әлдебір бұйымтайым болып хабарласқанымда: «Мен бір кітап оқып отырмын, осы әлгі «Өмір адамға бір-ақ рет беріледі» деп басталатын өсиетті кім айтып еді, есінде ме?» дегені. Тағы бір «қақпан құрғанын» сездім де, қалай құрсаң да тұтылмаспын деген сеніммен: «Николай Островскийдің «Құрыш қалай шынықтысын» мен де жаттап өскенмін, Хаке!» дедім. Ол тағы күліп жіберіп: «Островский оны орыстың мықты сыншысы Писаревтен алыпты, оқу керек қой, жолдас сатирик!» деді. Осындай өнегелі әзілге де бай еді.

Аяулы Мәке-Хакеңнің сүйікті жары, сенімді серігі, парасатты, ардақты жеңгеміз Майя Ивановна естелік кітап шығаруды қолға алуыма өтініш білдірген соң марқұм ағамыздың қатқабат қағаздарын ақтарып жүргенімде оқыған кітаптарынан көшіріп сақтап қойған бірер шумақ өлең, бірер сөйлем қарасөз үзінділерді көрдім. Мәселен:

«Аз халықпыз, алайда намысты халықпыз. *Бауыржан Момышұлы*» (айтпақшы, Баукең бұл інісін өте жақсы көрді, атын атамай, «Медвежонок» дейтін. Екі Ақ семсердің табыса білгендері!).

«Благо народа – вот высший закон. *Цицерон*».

«Истина – солнце разума. *Вовенарт*».

«Жить – это бороться; бороться – это жить. *Бомарше*» («Жизнь – борьба» деген бе еді К. Маркс?).

«Жүрегім менің қырық жамау

Қиянатшыл дүниеден.

Қайтіп аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң әрнеден. *Абай*».

Ұлы ақынымыздың осы бір жаралы жан сыры беріде қаншама Хакең-Мәкеңнің тағдырынан тіл қатпады?!.

Енді Хакім ағамен екеуара болған әңгімелерді ұсынайын:

Қайсысымыз болсақ та, өзіміз жантартқан адам туралы ыстық лебіз білдіргіміз келгенде: «бірегей», «біртуар» деген теңеулерді таңдап алып, сөз нөсерін төгіп-ақ бағамыз, ал сол «бірегей» мен «біртуарлардың» кейбіреуі төңірегіндегі түрлі жағдайға қарай құбылып, бірде қымбат, бірде арзан болып, кеше олай, бүгін былай, ертең алай сөйлеп, жұртты көпекөрінеу адастырады, яғни, бір мәселені ойлауы, айтуы, істеуі бір-біріне мүлде ұқсамай, кәдімгі кесірткеше «құйрығымен күн көреді». Енді бірі, мәселен, өзінен жоғарыдағы кейбіреулерді сыртынан мысқылдап, кекеп-шалып жүреді де, онымен көпшілік алдында кездесе қалғанда оның шуашын шайына езіп ішуге дайын жалбақайға айналып, қызыл тілінің майы мен қанын ағыза мадақтағанын естігенінде жүрегің айнады.

Әл-Фараби атындағы Мемлекеттік ұлттық университетімізде сондай бір «спектакльді» көргенімнің ертеңінде Хакім ағамызға телефон шалып, мән-жайды баяндап беріп:

– Ол қалайша? Студент те, кандидат та, доктор да емес, академик ұстаз деген дардай атағы бар кісінің онысы несі? – дедім. Ол күлді де:

– Дәріс оқығанның бәрін «ұстаз» деме. Ұстаз – қай қырынан қарасаң да, аса білімді, ар-ұяты таза адам, ал сен айтып отырғандар – хамелеондар. Келісесің бе? – деді.

Мәкеңмен қашан, қайда, не, кім туралы болсын пікірлесең, онымен келіспеуің мүмкін емес-ті.

Хакім ағаның бармақтай ғана дерлік көлеммен шығарылған байғазылық кішкене кітаптар жинайтын қызық ғадеті болды. Бірге оқыған, қызметтес болған дос-жолдастарының қайсыбірі

жолыққандарында сиялайды екен. Бес тілде шыққан бес кітабын тамашаладым.

Сондай-ақ, арнау-лебіз (эпиграмма) жинайтын. Сол қазынасымен танысып отырғанымда: «Атақты ақын Евгений Баратынскийді білесің ғой, соның: «Эпиграмма – хохотунья, эпиграмма – егоза, трется, вьется средь народа и завидит лишь урода – разом вцепится в глаза» дегені бар, ғажап, ә?!» деді. «Егоза» деген не сөз?» дедім. «Оның қазақша мағынасы – шолжаң, еркетотай» деді Хакен.

Хакім ағамен алғаш әңгімелескенім 1984-жылы, шілде айының аяқ шені. Бұрын Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің пленумдарында, ол өткізген о жиын мен бұ жиында, Жазушылар одағында кездесіп, ресми ғана сәлемдесіп жүргеніміз болмаса, оңаша сөйлесіп көрмегенбіз. Бір күні, сағат 11-де, қабылдау бөлмедегі хатшы келіншек кіріп:

– Ағай, телефон тұтқасын көтеріңізші, Есенәлиевпін дейді, – деді.

– Қабышев тыңдап отыр, – дедім, тұтқаны алып.

– Әскери шеніңіз қайсысы? – дейді қуақы қоңыр дауыс.

– Сіз кімсіз? – дедім, тосын сауалына еріксіз таңданып, хатшы келіншек айтқан ныспысына ой жүгіртіп те үлгірмей.

– Есенәлиевпін ғой, Михаил Иванович, Сыртқы істер министрлігінен.

– Ә, Мәке, ассалаумағалейкүм!

– Уағалейкүмәссалам! «Қабышев тыңдап отыр» дегеніңізге қарағанда, ең бері қойғанда не капитан, не майор шеніңіз бар әскери адам болған шығарсыз деп ойлап қалдым, қателескен жоқпын ба? – деді қуақы үнмен. «Оңбай қателестіңіз» дей жаздап қалып, тілімді тежеп үлгіріп:

– Әжептәуір қателестіңіз, Мәке. Мен әскердің маңына жоламаған жанмын, тым құрыса Гитлердей ефрейтор да болып көрмедім, – дедім. Ол күлді де:

– Республикалық «Ара-Шмель» журналының Бас

редакторында тура телефон жоқ па еді, цеканың служебный справочнигінен таба алмадым, – деді.

– Бар ғой. Біреу-міреуге керек болған соң алып қалған да, – деп едім, ол тағы күлді де:

– Ендеше, Ғабеке, сол нөміріңізді алып, маған келіп шығыңыз, танысалық. Орныңыз, бойыңыз үлкен болғанмен жасыңыз кіші ғой, тіл аларсыз, ә? – деп әзіл тастады.

– Мәке-ау, орынды өлшеп қайтеміз, ал аға шақырғанда ініде табандар дәт бола ма, қай сағатта барайын?

– Түстен кейін қалаған уақытыңызда келе қалыңыз!..

Сағат 3-те (15-те) бардым. «Мир» көшесіндегі бір қабат ағаш үйдің кеңдеу бөлмесі. Министр емес, шірегенде министрліктің бөлім бастығы отырар жұпыны кабинет. Мәкең орнынан домалана тұрып, үстелінен қолын ұсына шығып қарсы алды. Сәлемдестік, хал-ахуал сұрастық. Сәл қиыстау тұрған дөңгелек үстелше басына жайғастық. Шай алдырды.

– Кабинеттің кескіні осы, Сіздерде мұндай жоқ шығар? – деп жымыды.

– Мәке, айырбастайықшы, бізде қыста салқын, ал жазда ыстық, түстен кейін күн шақырайғанда төбемнен табаныма дейін терлеп есім шығады, -дедім. Журнал редакциясы Алматының әйгілі көкбазары маңындағы шыны-бетон 12 қабат ғимараттың ең үстіндегісінде еді. Мәкең күліп:

– Айырбастайық, – деді де, орнынан тұрып барып, бір ғимараттың шағын макетін алып келіп: – Міне, бұл – болашақ кеңсеміздің макеті, өзім айтып отырып жасаттым, келесі жылы осында отыратын боламыз, – деп, оның неше бөлме екенін, ішкі-сыртқы бейнесі қандай болатынын, төңірегіне тағы бірер ғимарат салынатынын, қазіргі отырған үйлерінің сақталатынын, себебі оның тарихи құрылыс екенін құдды сәулетшіше ғажап ықыластана әңгімеледі.

Біз жақсылап таныстық. Министрлігінің бүгіні мен ертеңі туралы ой толғады. Әдебиетке, өнерге, баспасөзге, біздің

сатиралық журналға қатысты пікірлерін айтты. Әңгімеміздің аясы кең болды. Партияның Орталық комитетінде мәдениет бөлімін он үш жыл басқарған Мәкең жайында көбінесе мақтау сөз естігенмін. Керісінше айтатындар да кездеседі, бірақ, ондайлар аз-ды.

– Мәке, мына кедесуіміз мен үшін бір қымбат сәт болды, кілегей қатқан күрең шайыңыз қандай, шіркін! Көп-көп рахмет! Көп ұзамас келесі жолы әңгімелесерімізге шейін Сізге бүгінгі соңғы бір сұрағымды қояйын ба? – дедім. Ол кішкене көзі күлімдей қарап, басын изеді.

– Орталық комитеттегі жұмыстарыңызға ризасыз ба? Өкінішіңіз жоқ па? – дедім.

– Ризамын да... өкінішім де жоқ емес... – Мәкең сәл жымыды да, байсалды қалпына көше баяу сөйледі: – Заңгердің дипломымен дипломат міндетін атқардым. Басқасын айтпағанда, Орталық комитеттің мәдениет бөлімін он үш жылдай басқарғаным – сонша жыл дипломат болғаным. Әдебиет, өнер адамдарын өзің білесің, ортасында жүрсің, олардың қай-қайсысымен болсын дипломат тілімен сөйлеспесең, ол сүрінгенің ғой. Бір-екі сүрінген соң жығыласың, жатасың. Мәселен, егер жазушыларды айтсам: пікір таласынан жалықпайтын Ілияс аға Есенберлинмен, әншейінде бала сияқтанып жүрсе де, ой қақтығысында қайраулы қанжар болып кететін Әнуар Әлімжановпен, күндей күркірей қалатын Жұбан аға Молдағалиевпен, өзін өзі биіктетіп сөйлеуге құмар Олжас Сүлейменовпен... қайсыбірін айтасың, кезкелгенімен даулы бір мәселені шешу дегенің - қып-қызыл от кешкендей қиындық. Тағы бір жазушымызға қалжыңдап айтқаным бар: сенімен түсінісуден гөрі мемлекетті басқарған оңай шығар деп. Шыны солай ғой, қалай, рас па?

– Білмеймін, мемлекет басқарып көрген жоқпын, – деп әзіл жауап қайтардым.

– Уәй, сатирик... Айтпақшы, осы сендермен, сатириктермен, істес болған емеспін, сендер, былайда шатақтау

тәрізденгендеріңмен, дауласуға, арыз-шағым жазуға жоқсындар, а? – деді ол, қулана сөйлеп.

– Иә, біз дау-дамайға жоқпыз, әлдекіммен пікір-сөзіміз үйлеспегенде жоғары-төменге арыз айдап уақытымызды қор қылмаймыз, әзіл-сықақ әңгіме-өлеңімізді жазып тыныш жүргенді ұнатамыз.

* * *

Қазақстанның демократияға аяқ басуына аса мол еңбек сіңірген кісі Хакім аға деп білемін. «Азат» қозғалысын ұйымдастырған үшеудің бірі. Қол ұстасып шыққан екі жолдасы басқа қозғалысқа әлдебір есеппен «қоныс аударып» кеткенде қыңқ етпей, игі ісін жалғастыра берді. «Азат» партиясын құрысып, төрағалығына сайланды. Алайда екі-үш жылдан соң ол жақпен хоштасып, ешбір қозғалыс, партия атаулыға ресми мүше болмай, сырттай кеңесшілікті жөн көріп, жазба жұмысқа кірісті. Қазақстанның дербес, тәуелсіз ел болуы, демократиялық, құқықтық мемлекеттер санатына қосылуы керектігі хақында көркемсөздік жалынмен көп мақала жазып, ойды батыл, ашық айтудың үлгісін көрсетіп жүрді. Бірде, Сыртқы істер министрлігімізде Ерекше тапсырмалар жөніндегі елші кезінде, Айтеке би көшесіндегі жаңа кеңселерінің дәлізінде, шағын да жасылтым түсті диванда әңгімелесіп отырғанымызда (Мәкең кабинетінде емес, сол диванда отырып сөйлескенді қалайда ұнататын. Кейін екінші рет іздеп барғанымда да: – Тар кабинетті қайтеміз, кең диванымызға барайық, – деп әзілдегені әлі есімде) сөзіміз саясатқа сайды да (шындығында көбінесе саясат жайында әңгімелесетінбіз):

– Мәке, оппозициясыз ел толыққанды ел бола алмайды дейсіз, бізде оппозиция бар да сияқты, жоқ та сияқты, ол қалай? – дедім. Мәкең басын изеді де, сауалыма жауапты сырттан іздегісі келгендей-ақ бұрыла бірқырындап, терезеден далаға көз тастай ойлана сөйледі:

– Ол кең түсіндіруді талап етеді, бірақ, саған қысқаша айтып

көрейін. Орыста бір мәтел бар, қазақшалағанда: «Шортан шабақтың бейқам жүрмеуі үшін жаратылған» делінетін шығар, оппозицияның ролі де – сол. Ол елдің, халықтың мүддесі үшін үкіметтің сыншысы, кеңесшісі болуға тиіс. Біздің өкіметті де, үкіметті де кешегі коммунистер – оппозицияның атын өшіріп жібергендердің шәкірттері басқарып отыр. Оппозицияны құра бастап едік, сырттан бақылап, іштен шалып, іріткі салды. Оның үстіне біздің зиялы дейтіндеріміздің көбі билікқұмар емес пе, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарудың» орнына әрқайсысы бір-бір қозғалыс ашып, бір-бір партия құрып алуды көксеп, іріткі салушылардың жетегіне еріп кетті. Атамыз қазақ не деп еді, «қойшы көп болса, қой арам өледі» деп пе еді, біздің жігіттер соның аяғын құшты, демократияны шындап керек етпеді, тақты, портфельді керек етті, көпірме құр сөзбен әуестенді, бірін бірі мүйіздеді. Әлі де солай! Осымен кетеді, қашан ес жиятындарын бір құдай білсін. Олардың осал жерін біліп алған билік астыртын іріткілігіне қоса ашық төкпештеуге кіріскен жоқ па? Өзің де көріп жүрсің: бірін алдап-сулап айнытып, бірін қорқытып-үркітіп, бірін сабап, бірін соттап, тоздырып жіберді ғой?! Соны көре тұра біздің «серкелер» ойланбайды, дізе қоспайды, Абай атамыз айтқан: «Бет-бетіне би болған өңкей қиқымның» кері баяғы. Алған бетінен қайта қоймас кім бар десек, меніңше, ол – Серікболсын Әбділдин. «Мықтылар» оның партиясын да жұлмалай бастады, арғы жағын көре жатармыз. Демократия қолжаулыққа айналған жерде, биліктің шенеуніктері қожандайды, зиялылары бейтарап болған елде қоғам рухани дағдарысқа ұшырайды, авторитаризм күш алады, көсеулер «көсемге» айналады, халық қағаберісте қалады. Солай, жолдас Ғабеке...

* * *

– Мәке, енді жайлауыңыз да өзіңіздікі, қыстауыңыз да өзіңіздікі болды, аузыңызды да, адымыңызды да аңдып отыратын албасты жүйеден құтылып, баршамен «тең құқықты»

зейнеткерге айналдыңыз. Соның «құрметіне» сізге бір өтініш жасағым келеді, – дедім Хакім ағаға, Бөгенбай батыр көшесіндегі кітап дүкенінен шыққанымызда. Ол орайшап әзілімді іліп алып:

– Орыстар «на ногах правды нет» дейді, жүріп келе жатып берген жауабыма сенсең, құлағым өзінде, – деді ойнақы үнмен.

– Сіздің Сыртқы істер министрлігіне жылжытылғаныңыздың, одан сатылап төмендетіліп, бәйбішеңіздің «штатына көшірілгеніңіздің» нақ себебін айтып бересіз бе? Елу процентке жуығын білемін, қалған елу проценттен астамын білмеймін, шіркін, жүз процент білгенге не жетсін! – дедім, әзілімді үзбей. Мәкең әзілді жақсы көретін еді ғой, жымыып тыңдап, жұмсақ күле сөйлеп үстей түсетін. Ол жолы да лекіте күліп:

– Ол тым ұзақ әңгіме, Гогольдің қара сөзбен жазған поэмасындай. Знаешь что, дәл қазір менің уақытым тығыз, – ол қолсағатына қарап алды, – тура қырық минуттан кейін Майя Ивановна екеуіміз бір жолдастың үйінде болуға тиіспіз. Екеуіміз былай етейік: ертең осы мезгілде Шоқан ескерткіші жанында кездесейік, мен саған бір кітап беремін, іздеген жүз процентті содан табасың, келістік пе? – деді.

– Кімнің кітабы?

– Өзімнің кітабым.

– Силайсыз ба, сатасыз ба?

– Ну, сатирик! Саспа, бір тиының да шықпайды, силаймын! – деп күлді.

– Мен де құрқол келмеспін.

– Ендеше, келістік!..

* * *

Алматыда 1986-жылдың желтоқсанында болған оқиға тарихымызға бір тарау болып әлі жазылып жатыр. 1996-жылы онжылдығын атап өттік. Біреу риза, біреу наразы дегендей. Мәкең екеуіміз Шоқан Уәлиханов ескерткіші жанында ұшырастық. Мен сол маңдағы бір шеберханаға бара жатқанмын.

– Мәке, Кәрішал Асановты білесіз, ол екеуіміз құрдаспыз,

сырласпыз, сол кеше Кремльдің съездер сарайы мінберінен сөйлеген Мұхтар Шахановтың сөзінің тезисін жазып бергенін айтты, соның мән-жайын білесіз бе? – дедім.

– Знаешь что, Габеке, мұны кейін кеңірек әңгімелерміз, әзірше тоқ етерін айтайын, өйтпесем, қазір осында шалдарым келеді, қыдырыстауға, үлгірмейміз. Комиссия құруды бірінші болып талап еткенім рас, шыдап жүре беруге болмады. Бүгінде желтоқсанды жалау етуші «қаһармандар» ол кезде ұйқылы-ояу болатын. Комиссия менің депутаттық талабымнан кейін үш ай өткен соң ғана, әдейі кешіктіріліп құрылды, әуелгісіне Қадыр Мырзалиев төраға болды – ештеңе өнбеді, содан кейін Мұхтар Шаханов болды – шындық жарым-жартылай ғана айтылды. Мені шеттетіп тастаған болатын.

– Қызық екен! – деп қалдым, еріксіз елең етіп.

– Еркін Әуелбеков, «Алаш» партиясының бір лидері Рашид Нұтышев, тағы бір-екі жігіт Желтоқсан оқиғасын СССР Халық депутаттарының съезіне жеткізуді ойластырады да, Еркін Рашидті белгілі диссидент Кәрішал Асановқа барып, ақылдасып келуге жұмсайды. Әділдік іздеп Қонаевпен шайқасқан, дізе бүкпеген Кәрішал нені, қалай жазуға еріксіз жаттықты, бізге де көмектесер дейді. Ал Кәрішал: Мен тезисін жазып берейін, арғысын өздерің білерсіндер, тек оны Одаққа мәлім адамдарымыздың бірі оқитын болсын, сонда ғана әсерлі болады, деп кеңес беріпті. Солай істеліпті. Бірінші болып қол қойған Еркін Әуелбеков текст негізінде сөйлеуді Олжас Сүлейменовтен өтінген, ал Олжас ат-тонын ала қашқан. Еркін содан кейін Мұхтар Шахановпен сөйлескен екен, ол ойланып отырып-отырып, тәуекелге бел буыпты. Съезде сөйлеу үшін Горбачевтен рұхсат алу керек еді, советтік «демократия» солай болды ғой. Ол міндетті Еркін мойнына алыпты, Горбачев екеуі ертеден таныс болатын, Мәскеуде парткурста бірге оқыған. «Біздің депутатымыз ақын Мұхтар Шаханов Арал теңізі мәселесі туралы пікір айтады» депті. Сөйтіп, Шаханов съезд

трибунасына солайша шыққан ғой. Ә, эне, біздің жігіттер келе жатыр, ал пока, сау бол! – деді Мәкең қолын ұсынып. Көшені өрлеп жақындай берген екі ақсақалға қарады. Мен шеберханаға беттедім...

* * *

Хакеңнің айтыла бермеген бір еңбегі – «Азат» қозғалысын, «Азат» партиясын ұйымдастырысып жүрген жылдарында оның Семейдегі ядролық сынақ полигонына қарсы күресті бастаған Кешірім Бозтаевты батыл қолдағаны, «Азат» бағдарламасына полигонды жаптыру күресіне қатысу мәселесін енгізгені. Бұл туралы естісем де, өзінен қалайда сұраған емеспін. Көрнекті қоғам қайраткері, журналшы, саясаткер Батырхан Дәрімбет бірде «Азат» қозғалысы» деп аталған кітабын силаған, соны шолып отырғанымда мына жолдарды оқыдым: «...1991 жылдың жаз айларында біз Семей облысына бірнеше шеру ұйымдастырдық. Мен ол өлкеде екі рет болып қайттым. Шілде-тамыз айларында республиканың он облысынан жиналған «Азат» жасағы ядролық полигонды қоршауға алды. Бұл әрекетті М. Есенәлиев өзі басқарды...». Соңғы сөйлемнің салмағын аңғардыңыздар ма? «Бұл әрекетті М. Есенәлиевт өзі басқарды». Тәжірибелі, адал журналшы «өзі» деген сөзді әдейі қолданып, полигонды қоршауды кімнің әрі ұйымдастырғанын, әрі басшылық еткенін анық көрсетіп берген!

* * *

Республикамыздың Сыртқы істер министрі болып тұрғанында КСРО делегациясының құрамында Нью-Йоркке, Біріккен Ұлттар Ұйымының кезекті сессиясына барып, оның биік мінберінен сөйлеген екінші қазақ (алғаш сөйлеген – мемлекет, қоғам қайраткері, дипломат Төлеген Тәжібаев ағамыз), КСРО-ның жоғары дәрежелі дипломаты, мемлекет және қоғам қайраткері Хакең кейінде, оппозицияда жүргенінде саяси, қоғамдық тақырыптарға ондаған мақала жазды, кітап та шығарды. Бір әңгіме сәтінде өзі кейіп айтқандай, билікке

жалтақтағыш баспалар мен гәзет-жорналдар жазғанын бөгеп, «түзеп-күзеп», қиянат жасай берген.

Біз – дос-жолдастары, інілері Хакеңнің туғанына 75 жыл толуына арнап таңдамалы еңбектерінің төрт томын шығаруды қолға алған болатынбыз, бірақ күтпеген кедергілерге кездесіп, мақсатымызға толық жете алмадық, «Естеліктер жинағын» («*Тарихи тұлға. Хакім. Михаил Иванович. Мәке*». Алматы. «Нұрлы әлем» баспасы, 2001 ж.) және «Қазығұрт» баспасынан алғашқы екі томын ғана шығарумен тындық.. Алайда, күдер үзбей, демеуші, баспа іздей жүргенбіз. Біздің әрекетіміз Қазақстанның репрессияға ұшыраған зиялыларының мұрасын зерттеп, жинақтап шығаратын «Арыс» қорының басшысы, білікті ғалым Ғарифолла Әнес мырзаның құлағына шалынған екен, ол: «Мәкең халқымыздың біртуар ұлы болды ғой?! Аяулы ағамыздың еңбектерін бағалай білмесек, кім болғанымыз? Мен шығарып беремін!» деп сәлем айтып, бұрынғы шыққан екі томды 1-нші кітап, шықпай қалған екі томдық қолжазбаны 2-нші кітап етіп (әрқайсысы 500 бет шамасында), көлемді де көркем қостомдыққа айналдырып берді. Төбеміз көкке жетті!..

Елі, атамекен жері, халқы үшін өмір сүрген қайран Хакім аға!.. Өзің туралы өкінішті сөзім мынау болды:

ШЫНДЫҚТЫҢ БІР ШАМЫ СӨНДІ

Шырғалаңы да, шырмауығы да, шаң-тозаңы да жетіп артылып жатқан мынау шімірікпес, шындықты керек етпес замансымақта қасқалдақтың қанындай қат азаматтарымыздың қатары селдіреулі. Тіршілігімізді тұмылдырықтаған парықсыздыққа өзінің таза парасат-пайымын қаймықпай қарсы жұмсар жүректілер тым аз кезде Мәкеңнің қапияда көз жұмғаны өкінішті-ақ... қайтейік! Мәке, менің өкінумен, өксумен өзіңе арнап айтар ақырғы сөзім: Сырласым, силасым болған Асыл аға, «Жігіт жасында екен ғой!» деп кеше мерейтойыңа – 70 жасыңа інілік пікір жазып, қалтқысыз қуанып едім, ұзақ ғұмыр тілеп едім, дүние-ай... өзінді үлгі тұтқан көптің бірі – менің

де адами ақ ниетіме тасқұлақ тағдыр елең етпеді-ау!.. Жылым жағымпаздық, күйе өзек өзімшілдік, өңезі қалың озбырлық, жәдігөй жемқорлық, пасық парақорлық тұманы арасынан Сенің шындық шырағданың, елің мен халқыңды, жерің мен тарихыңды кіршіксіз сүйген жүрек жалауың көрінген сайын: «Бәрекелді, Мәке!» деп шаттанушы едім. Сен де «қарыздар» болып қалмаушы едің. Жүзбе-жүз де, телефон арқылы да сөйлесіп, ой бөлісіп, мәре-сәре болушы едік. Мен сол мерекемнің орны толмайды-ау деп емес, қазақтың, Қазақстанның ар-намысын өзінің жеке құлқындарына жем етіп жүрген анау «демократ» шенеуніктердің қашан тежеу-тиым көрері беймәлім тепкісіндегі еркін баспасөз әрқашан ақ сөйлейтін қаһарлы Есенәлиевінен айырылып қалды деп қайғырып отырмын...

Мәкең егер ат-атаққа, сый-сияпатқа тілін жалдаса, ділін айырбастаса, жұдырықтай жүрегі жүрісінен мұнша ерте жаңылмас па еді?.. Жоқ, ол өйтпеді, себебі: ол Адам болды, Азамат болды!

(«XXI-век» газеті, 1999 ж.).

МАЗМҰНЫ

ХАКЕҢ ХАҚЫНДА СӨЗ СЛОВО О МАКЕ

Жасарал ҚУАНЫШАЛИН. Метёт метель забвения.....	3
Сағындық КЕНЖЕБАЕВ. Саясат шыңырауындағы шындық.....	4
Өзбекәлі ЖӘНІБЕКОВ. Дос.....	5
Ғалымжан ЖАҚИЯНОВ. Ғажап сәттер.....	7

ЕСТЕЛІКТЕР ВОСПОМИНАНИЯ

Алдан АЙЫМБЕТОВ.....	12
Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ.....	13
Жексенбек ЕРКИМБЕКОВ.....	14
Ибрагим АМАНГАЛИЕВ.....	14
Асхат АЛЬКЕНОВ.....	15
Артур АРТЕМЬЕВ.....	15
Аманжол КАЛИКОВ.....	16
Уасиля САДЫКОВА.....	17
В.В.ШУСТОВ.....	18
Б.Н.ПАСТУХОВ.....	19
Нурыз АЙДАРОВ.....	21
Гүлфайруз ИСМАИЛОВА.....	21
Рубен АНДРИАСЯН.....	22
Ляйля ГАЛЫМЖАНОВ.....	22
Шапағат ӘЛБАЗАРҰЛЫ, Бижамал РАМАЗАНҚЫЗЫ.....	23
Әбілмәжін ЖҰМАБАЕВ.....	23
Болат АЮХАНОВ.....	24
Сейдахмет КУТТЫКАДАМ.....	24
Канапья АХМЕТОВ.....	25
Серикболсын АБДИЛЬДИН.....	25
Гайникен БИБАТЫРОВА.....	26
Галия ИБРАЕВА. Доверие.....	27
Ағылшын МИҒАМАНОВ. Аға мен іні болдық.....	33

О нашем Маке (*Из воспоминаний Майи Ивановны Есеналиевой – супруги М.И.Есеналиева*).....35

ХАКЕҢНІҢ СӨЗДЕРІНЕН ИЗ СЛОВ МАКЕ

Бастан кешкен жәйттер.....	42
Ірілік пен ұсақтық.....	54
Не мытьем, так катаньем.....	59
Он спешит ее распродать (скупить?)	60

ХАКЕҢ ТУРАЛЫ МАҚАЛАЛАР СТАТЬИ О МАКЕ

Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ. Мәні ерекше ерлік.....	64
Ақ семсер аға.....	82

АҚ СЕМСЕР БЕЛЫЙ МЕЧ

(Естеліктер, мақалалар. Воспоминания, статьи)

Құрастырушы және жауапты редактор
– Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ –
составитель и ответственный редактор

Пішімі 60x90 $\frac{1}{32}$. Шартты б.т. 6,3.
Есептік б.т. 6,75. Таралымы 50 дана.
Баспаның Алматы қаласындағы мекен-жайы:
Қожамқұлов көшесі 128-39.
Тел.: 233-62-23. E-mail: ToganayT@mail.ru